

84.5K23

C18

W

35203

Кәкімбек Салықов

Ойтолғақ

Кәкімбек Салықов

ОЙТОЛҒАҚ

Төрттағандар, қос өрімдер

**Алматы
«Жібек Жолы» Баспа Үйі
2001**

84.5523.

ББК 84 Код 7-5
С 18

Редакторы Сарбас АҚТАЕВ

Салыков К.

С 18 Ойтолғақ: Төрттағандар, қос өрімдер – Алматы:
«Жібек Жолы» Баспа үйі, 2001 – 120 бет.

ISBN 9965-425-67-1

Қазақтың көрнекті ақыны, белгілі қоғам және мемлекет қайраткері Кәкімбек Салықовтың бұл жинағына “Төрттағандар” және “Қос өрімдер” деп аталатын екі бөлімнен құралған өзі айтқандай, “өмір берген өрімдері” әдемі өлеңдер болып, ел қолына жетпекші. Ежелден “Бір ауыз сөз” сырын айтып, парасат өресіне өрлеген ақын бұл жолы жыр тұғырының биігінен көрінбек. Қысқа, қысқа да болса нұсқа бұл өлеңдер ақынның атына да, қазақ поэзиясына да көңіл сүйсінерлік қуаныш әкелеріне кәміл сенеміз.

35203

ББК 84 Код 7-5

С 4702750202 хабарланбаған – 2001
430(05)-00

012

ISBN 9965-425-67-1

Северо-Казанская
общественная библиотека
г. С. МАКАРОВО

© Салыков К., 2001

© ИД «Жібек жолы», 2001

АЛҒЫ СӨЗ

Мен еліміздің әйгілі ақыны Кәкімбек Салықовтың “Сыр” атты ең алғашқы жыр жинағына 1970 жылы алғы сөз жазып едім. Дәрігер Зейін Шашкинге, геолог Олжас Сүлейменовке кенші-ақын қосылғанына іштей қатты сүйсіндім. Кәкімбектің өлеңдерін газет, журналдардан кездестіріп жүруші едім, лапылдап тұрған оты мен сілкіне жосылған толқыны бар өлеңдердің өмір философиясына үңіле қараған үлкен ойын да аңғарған едім. Сол жинаққа кірген “Көпір” атты өлеңін былтыр 100-жылдық мерей тойы ЮНЕСКО-ның өресінде аталып жатқан қазақтың ұлы перзенті Қаныш Сәтбаев ағамызға арнапты.

“Арыс белі көтеріп көпір жүкті,
Қос жағаны косып тұр көпір мықты.
Қарай, қарай осыған танданамын,
Бастан өткен еске алып не тірлікті.
Сол көпірге қызығып карап өтем,
Алып тұлға күші де алабөтен.
Өз ісінің көпірі бола білген
Азаматта не арман болады екен”.

Өлеңнің қос өрім болып түсе қалған бас-аяғы осы. Геология ғылымы арқылы қазақ деген елдің атын шығарып, әлемдік ғылым өріне көпір салған Қаныш-аға, бүгінгі егемен еліміздің де талай мемлекеттермен тығыз байланысуына себеп, дәнекер гұлама емес пе. Жас ақынның таңдануы мен арман шыңына анарар ойы жалғасып тұр.

Ақынның жаңа жинағы туралы сөз қозғасақ, “Төрттағандар” мен “Қос өрімдер” деп аталып, күрделі ойға құрылған келісті дүниелер екен. “Жез киік”, “Бір ауыз сөз”, “Аққу әні” атты өлеңдері ән болып қанаттанып, ел жүрегіне жетті. Жаңа өлеңдері де, сол бағыт, сол сарында адам жанын тебіrentетін, жүрек лүпіліне қозғау салып, шын таланттың терең тартқан жаңа тебіrentісін танытады:

“Тарих пенен тірлікке кезек қара,
Тез көрінер бүгінгі кесек жара.
Біздер үшін ауырлық ұзап кетті,
Тарих үшін ол шағын мезет қана”



— десе әрине, өтпелі кезеңнің қиындығы халықтың ахуалына қатты батып отыр, мүмкін осындай ауыртпалық көп ұзамас та, ал ақынның “ел үшін ұзап кетті”, “тарих үшін мезет қана”— деп тұжырымдауы нағыз шындық. Оған қосып-аларымыз жоқ. Егемен еліміз іргесін тез бекітсін, қиындықтан тез өтсін, демек, нағыз ақын ақиқатты айта алмай отырмайды. Шіркін, жақсы өлеңге көп түсінік керек жоқ қой. “Алғы сөз” дегеннің өзі де тоқсаннан асқан мен үшін ағалық ақ бата емес пе.

“Гүлдепті ғой тағы да бозқараған,
Бозбала күн, көрінді бозала таң.
Ұлым бұрын үйіршең болған жерде
Немерем түр бір қызға көз қадаған”.

Ұрпақтардың жалғасын, өркеніміз бен өрісімізді нағыз аталық көзбен көріп, ақындық тілге салып тұр ғой. Бұл да өмірдің пәлсәнасы болар, немерелі ата болса да өзінің “бозала таңын” көксей кеткенде өзінді де лестіре тартқандай сезінесің.

Сөз түйініне жетер кезде “Төрттағандарға” тағы бір үңілсек:

“Орындамас айтқанын сұйық кісі,
Болу қайда дүйім жұрт ұйытқысы.
Жер-жаһанға атағым жетер десең,
Өз еліңнің болып ал сүйіктісі”

— дейді. Ретті сөз күдіретті қаламнан жатық шыққанын айқындап, жұптасып тұр. Осы келтірілген шумақтар секілді “Төрттағандары” да, “Қос өрімдері” де ақынды туған елінің сүйіктісі ете түсетініне күмәнім жоқ. Сонау сексенінші жылдардың басында Кәкімбек Петрарканың стиліндегі сонеттері және қазақ поэзиясына сәтті жаңалық болып келген тұңғыш “Сонеттен тізілген гүлтәждарымен” сүйсінтіп еді. Шағын формаға жаңа қарқын беріп, аз сөзге толағай ой сиғызып отырған жаңа жинақтағы өлеңдері де ел құлағын сөзсіз елеңдетеді, ел жүрегіне жетеді. Лайым осылай болғай деп сәт тілеймін.

Қазақстан Республикасының халық жазушысы
ДИХАН-БАБА

25 наурыз, 1999 жыл.
Алматы.

I БӨЛІМ

ТӨРТТАҒАНДАР

*** * ***

Әркімнің өзіне күт өз беделі,
Шындықты құлақ естіп, көз көреді.
Ақымақ қаталасса тас боп қалар,
Ақиқат ақылдының көздегені.

*** * ***

Безеді мезі қылсаң Күн де сенен,
Жөн табар қаңку сөзді үрлемеген.
Тасқа тас тиіп кетсе басқа тиер,
Жеңеді осындайда үндемеген.

*** * ***

Сен қайда бұл фәниде жаралмайсың,
Сызықтан аттап ұзақ бара алмайсың.
Тиіспе табиғатқа ол анаң ғой,
Анаңнан артық ана таба алмайсың.



* * *

Ақылды әйел үлкенді көркейтеді,
Ел алдында кішіні үлкейтеді.
Сұлулықтың алдында бас иеді
Тақта — патша, ер жігіт шын тентегі.

* * *

Саясаттың құралы — мақтаншақтық,
Төс қақпайтын әкімді қайдан таптық.
Сырттан даттап сұмпитып, көзге мақтап,
Кей сұқсұрды сұңқардай жайнаңдаттық.

* * *

Саясатта таразы теңдейтіндер:
Жеңгендер мен бізге жол бер дейтіндер.
Үлкен төрге жеткісі келгендер мен
Ешқашан да кеткісі келмейтіндер.

* * *

Нық саясат — шын терлеп, таза жүру,
Алтын көрсең қолыңды баға білу.
Саясаттың үлкені — үлкен іске
Мың кетіктен бір тетік таба білу.



* * *

Достық туын тәңірім қолдаса да,
Сұмдық терді сыртымнан ол тасада.
Бар білгенін сатып жүр қастасыма,
Еш нәрсесі сататын болмаса да.

* * *

Жігіт көрдім жалғанда сұмдық епті,
Екі жүзді жан, жаққа бұрды бетті.
Екі сапқа берілген сарбаз болып,
Екі жаққа күні үшін құлдық етті.

* * *

Қанша ұнап тұрса да заты маған,
Жігіттер бар жілігі татымаған.
Бір тетігін табады жақсылықтың,
Қай ұядан шықса да асыл адам.

* * *

Қиындықтан қаша көрмес үрейім,
Шын жүйріктей шапқан сайын үдейін.
Тек тәңірім жамандардан аулақ қыл,
Адассам да таза орманда жүрейін.



* * *

Түймедейден көрген болып түйені,
Жаға берсін сайтан сырттан күйені.
Жалған жала жара салмас ешкімге,
Шындық қана тисе қатты тиеді.

* * *

Жұмбағы көп үлкеннің де, жастың да,
Астары бар асыл дос пен қастың да.
Кейбіреудің шын сипатын білмейміз,
Төсіндегі белгілердің астында.

* * *

Ақылға ақыл керек бас иетін,
Сүйемін даналардың өсиетін.
Біреудің кем, кетігін тере бермей,
Іздеймін ең қымбатты қасиетін.

* * *

Қайда, қайда тарықсаң демейтіндер,
Жүдегенді тар жолда жебейтіндер.
Ішпейтіндер бұл күнде табылса да,
Азаймай тұр қылқытып көп жейтіндер.



* * *

Саясаткер бейсана ойнамайды,
Ойнаған боп ойрандар ол талайды.
Әбиауыз есептен жаңылғанда,
Әккі “ойыншы” арбалап, дорбалайды.

* * *

Кейде тұзлап шыжытса сөз арасын,
Саясаткер жасамас өзара сын.
“Қызыл тілде сүйек жоқ”— деген сол ғой,
Уақыт қана көрсетер көзқарасын.

* * *

Әпербақан үдетіп алақайды,
Көбейттік-ау ел тозар талапайды.
Төрт түліктен айрылсақ сандалармыз,
Көк тұманда таба алмай ала тайды.

* * *

Жан ұшырып жүргенде күйлі күрен,
Талғағаны таңдайға тиді білем.
Енді ойлап жүр байлығын сіңірумен,
Айрылып қалмауды билігінен.



* * *

Малдың басы шындықтан өгей тегі,
Кешегіні қозғаудың өзі ертегі.
“Қанша малың бар?”— десең кейбір әкім
Төрт аяққа бір басты көбейтеді.

* * *

Жіберетін дәлдігін жеңіл жебеп,
Қазаққа да дәл бүгін Гоголь керек.
Беу, ақын дос! Аңырап көп шүйілме,
Маңыратып берді ғой өмір дерек.

* * *

Сынамайды сұм тағдыр бізді тегін,
Ту етеді айқасқа күштірегін.
Жатқан жоқ па Махамбет деген сөзде,
Ішкі намыс қозғаған ішкі сенім.

* * *

Жақсылыққа табиғат зерек болды,
Қос дүлдүлге даналық кезек қонды.
Абай қанша Мұхтарға әсер етсе,
Мұхтар сонша Абайға керек болды.



★ ★ ★

Ұрындым деп тіршілік кесіріне,
Кір келтірме біреудің есіміне.
Салмағы ауыр өмірдің сауалы көп,
Жауапкері өзіңсің шешіміне.

★ ★ ★

“Халықта бар ханда жоқ” дегенменен,
Керісінше ұғымға терең сенем.
Хан алады сұрап та, сұрамай да,
Халық сенер уәдеге “берем” деген.

★ ★ ★

Мықты болсаң, әрине, намыскерсің,
Кешкен өмір бәрі де жарыс дерсің.
Байқоңырдан ұшпадым деп өкінбе,
Көз ашқалы өзің де ғарышкерсің.

★ ★ ★

Тарихпенен тірлікке кезек қара,
Тез көрінер бүгінгі кесек жара.
Біздер үшін ауырлық ұзап кетті,
Тарих үшін ол шағын мезет қана.



* * *

Ғибрат алдым ірілер өміріңнен,
Ата-баба, наз ұқтым зор үніңнен.
Тілдің астын тінтетін заман кешкен,
Бейнелерің кетпейді көңілімнен.

* * *

Назар салсам ой жеткен бар алысқа,
Табиғатпен тұтаспыз жарылыста.
Табынбайды Жер-Ана достым, саған,
Өзің табын, ұқсасаң шын арысқа.

* * *

Ақын-кенші тірліктен үйренгенім:
Шекпен тартыс, шен талас күйге енбедім.
Ел көркейсе көкірегім кенеледі,
Нұрын төгіп кен қазған сыйлы еңбегім.

* * *

Ақбоз атым — адалдық — арымаған,
Арлы адамның сыйлы дос бәрі маған.
Өсектеуге өшігіп қиса-қияр
Дарындыға дақ салғыш тарын адам.



* * *

Көзім бар деп, қайтейін көре беріп,
Кей жат қылық кеткен жоқ көнеленіп.
Жүргендер бар бірлікті ұран етіп,
Бір қазақты үш жүзге бөле беріп.

* * *

Батыс емес Шығыстан таңымызды,
Атты десек, сынайды-ау әлі бізді.
Жоқ, ағайын! Аспанда күнге қарап,
Ақиқатпен өлшейік арымызды.

* * *

Орамаса үлдеге бұлдеменен,
Бүлік салып, тағдырды тілдемеп ем.
Үндемеп ем, біреудің аты озғанға,
Жақсы болар бізді де күндемеген.

* * *

Жаңылғанға қасармай тесірейіп,
Тұқыртпайық тұрғанда өзі кейіп.
Қатындарша бетінен тырнай бермей,
Батырларша кінәсін кешірейік.



* * *

Махамбеттер ежелгі туыс маған,
Сегіз Сері қасында ту ұстаған.
Кенесары өлсе де қан майданда,
Ағыбайлар арт жағын дұрыстаған.

* * *

Кешегіні қарағым, сөкпе мүлде,
Шақырамын тәубе деп, шектелуге.
Қоштасарда егемен ел етті ғой,
Біз бармаймыз ғасырды жек көруге.

* * *

Бағыттаса жан анам берекемді,
Ақ сүтімен ақындық ере келді.
Аққуларды Сәкенше әнге қоссам,
Мен Мағжанша жырладым Кенекемді.

* * *

Қиқулас аспанда құстар үні,
Солай қарай жанымның ұшты-ау мұңы.
Ауылымды аңсаған мен секілді,
Өз көліне аққудың құштарлығы.



* * *

Азаттыққа жол қайда тегістелген,
Батып еді-ау, замандар теріс келген.
Ескі досым Ельцинге алғыс айтам,
“Беловежская Пущада” жеңіс берген.

* * *

Сырым меруерт жалықпай терген менің,
Ой қозғайды Абайша тебіренгенім.
Ел тұтқасы екен ғой Ақан Сері,
Үкілі Ыбырай, Біржан сал, Ердендерім.

* * *

Бірдей қарап алыс-жақын туысқа,
Іркес-тіркес желбіреген ту ұста.
Шайтанға еріп шайқы-бұрқы керіспей,
Беу, достым-ау! Бой тастай бер дұрысқа.

* * *

“Отар”, “Бодан” ұмытар көпірді кім,
Бір түсірдік сұм тағдыр нөпір жүтін.
Абылай де, Ағыбай, ә, құдай!— де,
Ту түбінде қазағым отыр бүтін!



* * *

Тарлан тарих ерекше сынап едің,
Сойылымен жер қорғап шыдады елім.
Тәуір күнде әдейлеп әкел бізге
Олжа салғыш дәуірдің “Құлагерін”.

* * *

Өткенді айтып өктемдік қаламаймын,
Аралады ойлап жаралды нала-қайғым.
Жер-Ананың тәніне тиген оқтан,
Жүрегімді мың мәрте жаралаймын.

* * *

Біз адамбыз, демеспін, құдіретпіз,
Демеймін де “жүрексіз жұмыр етпіз”.
Ақша апарып біреуге бермесең де,
Беу, өлеңім, адамға жылу жеткіз.

* * *

Сен деп қалам жарқ еткенде гүл шыбық,
Өлең келер біз тілдескен үнді ұғып.
Ойлап қалам дидарыңды жаратқан
Қойды ма деп табиғатқа үлгі ғып.



* * *

Семейліктің жайламас күлкі реңін,
Жарылыс жасап сұм атом сілкіледің.
Төстеріне сол кезде “Жұлдыз жауған”,
Көрдік талай сұм заман тұлкілерін.

* * *

Сезілгендей зілзала салқын нәрі,
Жанға батты Зайсанның алқынғаны.
Жертөлесін жөнді үйге айырбастаған,
Ойға салар сол апат халқымды әлі.

* * *

Арқалымын деп жүрсем пенде ме едім,
Қалталылар бөскенде сенделемін.
Жауырымды жабумен жаба салып,
Әрең-мәрең өзімді меңгеремін.

* * *

Ала құйын алапат енді ұласты,
Каспий тасып топан су елді басты.
Ойлап қалам “жат елге саттындар” деп,
Бізге өкпелеп жатқандай жердің асты.



* * *

Кеншімін ғой қалайша ұмытамын,
Қазылған жер — терең ор сыры қалың.
Ертең құлап түсердей шошып кетем,
Жезқазғанның астына Ұлытауым.

* * *

Бейнең көзге оралып еміс-еміс,
Өлең, жырға береді сәтті желіс.
Махаббаттың уы да құнарлы екен,
Ащы тағдыр беріп тұр тәтті жеміс.

* * *

Қайда барар шын адам ар-ұятсыз,
Жер шарына жауапкер жаміғатпыз.
Жасай берер табиғат адамдарсыз,
Адам өмір сүрмейді табиғатсыз.

* * *

Қолға тисе аппақ қағаз қаламмен,
Таңғажайып ойға оранып қалам мен.
Үндесемін сандуғашпен сайдағы,
Сырласамын бүкіл ғарыш-ғаламмен.



* * *

Күл болмасын саналы көркем ісің,
Текке кетіп жүрмесін тер төгісің.
Жер-ананы сыйла, дос, өз анандай,
Табиғаттың сен құйттай бөлшегісің.

* * *

Құлшындырса қияға жауапты ісің,
Ақиқатқа жұмсайық талап күшін.
Ертең дербес мемлекет есін жиып,
Ел алдында таптырар жауаптысын.

* * *

Тым алыстап кеткенде іргедегің,
Беу, ағайын! Тілегім бірге менің.
Қай қияда жүрсем де іздетеді,
Бар шындықты айтуға бір керегім.

* * *

Қалталылар қол үзбе арқалыдан,
Ақ ниетпен төгіле ақтарылам.
Нағыз шындық бір күні жеңіп шығар,
Сұмдық жауып тұрса да жан-жағынан.



* * *

Қара шындық — Чернобыль, қара бүлік,
Қара сұмдық, қара дерт, қара былық.
Жердің бетін сілкітті, тұншықтырды,
Адам жанын айықпас жара қылып.

* * *

Апат басып бүлінсе қиядағым,
Ақау түспей сау қалар ұяда кім.
Арал үшін ақша алып, дым бітірмей
Жүргендерді көруге ұяламын.

* * *

Ақ тұз басқан көз шалып құс ағысын,
Әму мен Сыр уланып, жылады ішім.
Беу, адамзат! Аралды арашала,
Адам үшін! Ар үшін! Құран үшін!

* * *

Өңін бұзбас бұлақтар қой аттаса,
Не болмақшы зәрлі зат тояттаса.
Ала таңнан тебіреніп жыр жазар ма ем,
Шөл даланың өксігі оятпаса.



* * *

“Көк базардың” бағасы қызып, жанып,
Теңге тілі кетіпті ұзынданып.
Алушының қалтасы жұқарса да,
Сатушының құлқыны бұзылды анық.

* * *

Бойға біткен ар, намыс — жан азығы,
Жөнді сөзге таппассың наразыны.
Адам болам дегенге ақыл осы:
Арам ойың баспасын таразыны.

* * *

Бірін-бірі сыйлаған шақырумен,
Қазағымның байқаймын ақылын кең.
Ен даласын өлшепті-ау жау келгенде,
Даусы жетер, жар салса шақырыммен.

* * *

Тағдыр туын әкемнің құлатқанда,
Талай ауыр өтіпті сынақтан да.
Құйын-дауыл алдымнан шыға берді,
Мінезімді шыдампаз ұнатқан ба?!



* * *

Ежелгі арман егемен өмір деген,
Көк сағымда сырым жоқ көрінбеген.
Жұпар желін жұтқанда Сарыарқаның,
Анам беттен сүйгендей көңілденем.

* * *

Шексіз екен табиғат үндестігің,
Немеремнен көремін гүл кескінін.
Шулы, нулы жайлаудай сезінемін
Құдалардың құт қонған бірлестігің.

* * *

Көк дөненнен жүйрік қой көңіл деген,
Сезгені көп, мәңгі ояу, көз ілмеген.
Есен деген хабарға еңсем өсіп,
Шырт ұйқыда кездесем өзіңменен.

* * *

Сарғайтқанда сағыныш алабөтен,
Жез киікке телміріп жанап өтем.
Бір кездеспей көп жылдар қиналғанда,
Сұлу әннен жан азық алады екен.



* * *

Тау ішінде, көлдегі, ормандағы,
Үн, дыбыстың жүректе жалғанды әні.
Табиғат пен адамзат сұлулығы,
Бірін-бірі сақтаумен жанған бағы.

* * *

Сексен көлдей саф таза көңілім кең,
Қас пен достың көзіне көп ілінгем.
Кең далама мәңгілік жалғасамын,
Өлеңіммен, әніммен, өміріммен.

* * *

Салдың заман саналы сан айқасқа,
Тағзым етем қыз шабыт қарайласса.
Өткен ғұмыр уақыттың үзімі екен,
Аз мезгілде келіппіз талай жасқа.

* * *

Шындықты айтпас түседі қаламға кір,
Кей аймақта не болды адам пақыр.
Талай жылғы туыстық ұмыт болып,
Бірін-бірі аяусыз талап жатыр.



* * *

Одақ өшті — дербес ел күлтеліміз,
Ұлы жолға бір сәтті тіркеді күз.
Опыр-топыр, қым-қуыт арпалыста
Қайта туды ерте өшкен үркеріміз.

* * *

Айтқыр, ділмар алқынса бекер мейлі,
Содыр бала тілдейді, әкендейді.
Ақылы қысқа болса да қалта қалың,
Көп ақшамен қақ төрді мекендейді.

* * *

Емес едік соншама надан халық,
Надан болсақ шыдаған заман неғып?!
Біз де ертең кетеміз берік ел боп,
Бұзылмаса қазағым тарамданып.

* * *

Тым көбейтті тіршілік құпиясын,
Біреулер жүр шошынтып құт ұясын.
Жан сырыңды тасыған дұшпаныңа,
Надан достан ақыры ұтыласың.



* * *

Шықпай жүрген жақсының талас үні,
Дыбыс берсе көрінер жарасымды.
Қомағайлар одағай пысықтанса,
Дені таза табайық жаны асылды.

* * *

Ел сүйсінген жоғалмас қадам бекер,
Оны білмес тентек те адам ба екен?!
Ібілісті қарашы сұм, әзәзіл,
Іздеп отыр оңаша саған қатер.

* * *

Сор болмай ма қызыл тіл қара басқа,—
Дей көрмеші. Жүрекпен жағаласпа.
Жаңа әнмен жасырмай шынымды айтсам,
Тіл бітердей жібиді қара тас та.

* * *

Жан бесігі ақынның өскен елі,
Болып жүрмін алыста көш кемелі.
Шекпені мен шеніне таластырып,
Бекер сырттан кейбіреу сескенеді.



* * *

Ақын да тау бұлт шалса тұнжырайтын,
Сәті қызық оңаша жыр құрайтын.
Тек жүрегі өзгеден тынышсыздау,
Сұлу көрсе құлындай шұрқырайтын.

* * *

Тез бұзылып адамдар бара жатыр,
Кез келді ме бой тастар заман ақыр.
Атар таңның арайын болжай алмай,
Күңіреніп, күрсініп дала жатыр.

* * *

Жан-жағына жүргендер жынын бүркіп,
Дей көрмесін қатайды қыңыр бүркіт.
Алғыр қыран аспанда назаланса,
Қақ төбеңнен бір өтер жұлып, сілкіп.

* * *

Ауыр істі көтерсем қылмай міндет,
Тарих үшін мәлімдеп жырлаймын тек.
Әуреленбе, беу мырза, жақсылықты
Жамандықпен тұзақтап шырмаймын деп.



* * *

Ел түсінсе өмірдің жаңалығын,
Нарық біздей арыққа жаңа ғылым.
Шалапайлар салса да талапайға,
Құстырады сатқынды саналы күн.

* * *

Ақын деген “ұр да жық”, қиын халық,
Жәрдем етер шерменде күйіп-жанып.
Жабыққанын білдірмес жау күлер деп,
Өмір кетті ол үшін қиынданып.

* * *

Өлең — гүлзар махаббат наз тұрағы,
Шын ғашықтық кіл таза жаздырады.
Сезім тілі — нәзік тіл, жүрек тілі,
Сөз сарасын таппасаң жазғырады.

* * *

Лағыл ерін, ай қабақ келбетінде,
Кетті жастық. Есен бол жер бетінде.
Осы өлеңім қолыңа түспесе екен,
Түсіңе енген ақ құстай шерлі етуге.



* * *

Жоғалтқанды жол торып мезі етпедім,
У мен дәру қат-қабат кезектеді.
Аққу көріп арайлы сәт орнады,
Қарандаршы, уақыттың тез өткенін!

* * *

Сәтті өлеңнің үзілмес ғұмыры үшін,
Құсқа көшті-ау ынтық, зар бүгін ісім.
Ұмытамын әлемнің бар әлегін,
Аққулы көл көргенде құбылысын.

* * *

Өсек сөзге мән беріп қалшылдаған,
Кәрі, жастан бойымды аршып алам.
Домбырамның қасында ілулі тұр,
Сегіз таспа, бұзау тіс қамшың, бабам.

* * *

Нарықтан да, беу достым, шошымағын,
Әдейі айттым қаттырақ осы жағын.
Барлық елді достыққа шақырсам да,
Бауырлыққа өзбекпен қосыламын.



* * *

Ішкі дауда жетпесең мәмілеге,
Жарқыным-ау, жетеді әлің неге?!
Піспеген ас секілді шикі ісінді,
Жау жағадан алса да мәлімдеме.

* * *

Орындамас айтқанын сұйық кісі,
Болу қайда дүйім жұрт ұйытқысы.
Жер жаһанға атағым жетер — десең,
Өз еліңнің болып ал сүйіктісі.

* * *

Су сұраман базынам өтпейтіннен,
Өзімді айтып өрт салман өктем тілмен.
Елімді ойлап еңіресем сенісемін,
Көзге ұрса да сыртымнан сөкпейтінмен.

* * *

Кей топасқа қалса да көңіл кейіп,
Жат қылығын қалайша нөмірлейік.
Не де болса, жарандар, жан сауғалап,
Қой мен қасқыр секілді бөлінбейік.



* * *

Ата-баба ұранын жықпайтын ем,
Тіке барып тойдан да тік қайтып ем.
Бір қазақты үш жүзге бөлме — деген,
Ата сөзін ежелден құптайтын ем.

* * *

Қадірлесен, сыйға-сый сыйласамын,
Қашан келсең ол анық бір жасарың.
Құдай берген бір жалғыз қаруым бар:
Өнге қосып қойныңа гүл шашамын.

* * *

Ер жігітті мақтаймын есі бар деп,
Күдік етсең тілдесіп шешіп ал кеп.
Арға тисең ақжолтай Ағыбайша,
Мен де тұрам: “Басымды кесіп ал!” деп.

* * *

Жылынбасаң жырымнан татып шырын,
Татулыққа жүгінтем уақыт сырын.
Бірімізді біріміз ұға білсек,
Тым ұзамас ел тосқан бақытты күн.



* * *

Жаралы жан не демес ашынғанда,
Жоққа налып досыңның басын жарма.
Бүлдіргенін білдірмей кешіре сал,
Достық атты сақталсын асыл арна.

* * *

Құрметтеймін үлкен ел орысымды,
Шұбырынды тар жолда қол ұсынды.
Бұзылмаған қаймағы таза орыспен
Бөле, жара өстім ғой қонысымды.

* * *

Өз ағам — деп, өзбекті ел сыйлағанын
Түсінбеске ойсырап қиналамын.
Татар көрсем ешқандай қатері жоқ,
Түркі тілдес түбіне иланамын.

* * *

Шындық сыры қоятын — сертім тілге,
Сәт бере көр, о тағдыр, желпіндір де.
Туа мұндас бауырым Қарақалпақ,
Арал үшін, ар үшін дертім бірге.



* * *

Туған елдің ізім көп тау-тасында,
Дауыл, желді шын кенші байқасын ба?!
Мағжан, Сәкен, Тұрарлар тірі жүрсе,
Жолығар ем Аралдың айқасында.

* * *

— Төрттағандап ойлансаң тереңдетіп,
Сұлулықты ұмытты өлең нетіп?!—
Десең, достым, сағыныш, аңсау, сусау,
Ешқашан да көрген жоқ менен кетіп.

* * *

Қалам тартып, қадірлі санағаның,
Маған құштар болды ғой бала жаның.
Әлі солай суреттен көрінеді,
Көз әйнектің ішінен қарағаның.

* * *

Өтсем әрең жасымда пәлен өрден,
Жәдігермін жанымнан әлем өрген.
Дәмін таттым аштықтың бала күнде,
Шоши берем жұт, шөлейт пәлелерден.



* * *

Тайған адам емеспін тәубесінен
Тік мінезім көрінді әр шешімнен.
Сақтық деген болмапты марқайсам да,
Алақұйын Аралдың әуресінен.

* * *

Ересектік түсірді топқа қалың,
Аз болған жоқ қосқаным отқа жалын.
Егде кезең Каспийді қосып берді,
Қос теңіз ғой дамылсыз жоқтағаным.

* * *

Өзімді айту, досым-ау, қиын маған,
Өмір кештім алды, артым құйындаған.
Ақыл тындап, бастарын ауыртпайтын,
“Пысықтарды” әкелді бүгін заман.

* * *

Еріншекпін демеймін, көңілшекпін,
Аңғал-саңғал қым-қуыт дәуір шектім.
Қаумалады қалың іс ұмыттырып,
Әдірісін сағынған келіншектің.



* * *

Өмір — қаптал алды кең, арты қысқа,
Өлшеп берер уақытты тапты нұсқа.
Өлеңіме тілғймін өлмес ғұмыр,
Қалың ұйқы әкетсе қапылыста.

* * *

Ғибрат алар жас ұрпақ біздерден де,
Өз керегін табылар іздер пенде.
Жазғытұрым көргендей кең жайлауда,
Гүл қаулады жүрекке күз келгенде.

* * *

Қас бәйгеде қапыда құлап аттан,
Мезетім жоқ ар, намыс тұралатқан.
Өткен жоқтың ешқашан көзін ашпай,
Жалғыз бұлақ көргенде жылап аққан.

* * *

Ақиқаттың құлымын уәделі,
— Не толғантты?— деп сонда сұра мені.
Қаусап қана қалмасын қайғы жұтып,
Сары жайлау — қазақтың құба белі.



* * *

Шекпен үшін келмейді ерегескім,
Жер-жаһаннан демеймін бөлек өстім.
Бірақ, достым, абайла жолым ұзақ,
Айыл жиған жорықтан мен емеспін.

* * *

Ой тізбегі шығарса жан ұшқынын,
Кенші білек әмбеге таныс сырым.
Жер байлығын қазақтың қорғап өткен,
Артық тұрар өзгеден Қаныштығым.

* * *

Арпалысқа шақырса майдан-алаң,
Қылыш етіп шындықты пайдаланам.
Ашық айтсам махаббат мұң мен назын,
Ғашық болып қалыпты Ай да маған.

* * *

“ИЗМ”— дердің дәмін татса өлеңім,
Ізім айқын Абайшыл боп келемін.
Адаспадым бағытынан ешқашан,
Жыр теңізде “Абай” атты кемеңіз.



* * *

Арттағының бірі зор, бірі керім,
Армандаймын күш, қуат бірігерін.
Ақыл айтсам кәртең кез бергені де,
Сендер де аға боларсың, інілерім.

* * *

Жаксы доссыз тірлікте жарымайсыз,
Ондай өмір әрі тұл, әрі жайсыз.
Кенесары мерт болды қолға түсіп,
Тауда жауды жеңем — деп Ағыбайсыз.

* * *

Беу, жас ұрпак! Болған жоқ атаң тексіз,
Қасиетін ертеңге аман жеткіз.
Беле жара көрмеңіз, күнә болар,
Исатайды атаған Махамбетсіз.

* * *

Ел арысы мерт болса нағыз қайғы,
Шер-шемен боп дұрыс дем алғызбайды.
Ұмытпайық ағайын ешқашан да,
Кенесары дегенде Наурызбайды.



* * *

Көкке қарап көңілшек сезем нені,
Бұлттың да бар сан қилы кезеңдері.
Тауды бұзып өткендей көрінеді,
Тасқындаған аспанның өзендері.

* * *

Аштық індет — адамның шын дұшпаны,
Сонда жатыр дүние тұрмыс мәні.
Ертең жаңа қарқынмен басталмасын,
Миллионер мен қайыршы қырылысқаны.

* * *

Басқа пәле қашан да тілден келді,
Соны біліп өз тілін кім меңгерді.
Қазған орға тағдыр көз салдырмайды,
Дым бітірмей қу тілге сенгендерді.

* * *

Бермегені талай сан ғасырлардың,
Туды шуақ бақ, дәулет ашылар күн.
Тәуелсіздік іргесі беки берсін,
Жебеп бізді әруағы асылдардың.



* * *

Ел бұзылар әруақ қолдамаған,
Әруақсыз болмайды орда панаң.
— Басылса екен қан төгіс бар әлемде,—
Деп тілеймін алғанда қолға қалам.

* * *

Қарсы аламын қаңтарды сөз етпестен,
Табиғатпен пендемін есептескен.
Кутузовтан жеңілсе Наполеон,
Қатты қысы орыстың көмектескен.

* * *

Жан тетігін тұра ма сезіп аспан,
Әр қимылы табиғат өзі дастан.
Келсе теңіз сақтағың шалқарлығын,
Барлық бұлақ жөн болар көзін ашқан.

* * *

Көктем, жаздың көпсінсең өткендігін,
Күз әкелер тоқпейіл көркем күнін.
Қыс қоршауы, туған ел, шошытпайды,
Қар бетінде мен де бір өскен гүлін.



* * *

Қуыс көкірек ойсызға ұйқы ғашық,
Ұйқы қайда, жүргенде күлкі қашып.
Ең бақытты сәттерім өлең жазып,
Отырған кез сұм жалған сиқын ашып.

* * *

Гүлдепті ғой тағы да бозқараған,
Бозбала күн көрінді бозала таң.
Ұлым бұрын үйіршең болған жерде,
Немерем тұр бір қызға көз қадаған.

* * *

Атам айтқан бір сөз бар баяғыда,
Дарымайды өжетке жәй оғы да.
Басы қызық өмірдің болғаннан соң,
Қызықтырып барады аяғы да.

* * *

Алып кетсе қияға суыт желік,
Сыр бермедім анамнан туып берік.
Бір ғажабы сол екен — ұзақ жолда
Жігер берсе, күдікті үміт жеңіп.



* * *

Көлде құстар тамаша созған әні,
Сырнай-керней сағыныш қозғағаны.
Қыз қалпыңа, құрбыжан, ораларсың,
Алпыстағы көргенде бозбаланы.

* * *

Шығып жүрсе әндетіп ұдайы үнім,
Сұрқын сездім сұм жалған сыңайының.
Кұдай қолдап жүргенім жер бетінде,
Молдау шығар өзгеден уайымым.

* * *

Жұт үрейі нарыққа ере келді,
Төрдегілер айламен еме берді.
Елін ойлап кермеге жап-жалаңаш
Шындықты айтып, қане, кім шегеленді.

* * *

Сәтті болып басқаның өрге қадам,
Бақ тіледі, досым-ау, ел де саған.
Төрде жүріп, жығылып жылағаннан,
Артық екен жорықта өле қалған.



* * *

Төр төбеге шыққандар төбелеспен,
Жібі сұйық сөгілер көне кестен.
Тиіп кетпе туған ел титығына,
Орашалақ от шығар ерегестен.

* * *

Шара тапсам шарқ ұрған шар басыма,
Жаңа тасқын кең кірдік арнасына.
Бүкіл әлем желісін өзгертпейсің,
Енді кері көз жетті бармасыма.

* * *

Сәні келсе сәулелі күлкінің де,
Лүпілдейді жүрегім жыр тілінде.
Есті бала тойлайды ата-анасын,
Күш-қуаты қайтпаған тың күнінде.

* * *

Астын білмей, кеселдің үстін көріп,
Көтергендер көбейді ұшқын-желік.
Қарсыласы патшадан алғыс алса,
Саясаттан жерісің құсқын келіп.



* * *

Іздемедім тасасын қалтарыстың,
Сөнер емес қызуы бар шабыстың.
Өлеңімді көтердім жаңа өріске,
Құлы болып өтпекке ар-намыстың.

* * *

Бас тартпасам әкімдік желіден де,
Ел басқару ұксамас серуенге.
Бар тірегі тілінде — демес, сыншым,
Жүк тиесем кен тартқан керуенге.

* * *

Құндақтадың, беу шабыт, бөледің де,
Ел сырынан мән бермен бөлек үнге.
Бояуы ашық, үні айқын, ойы терең,
Мекендесін ояу сөз өлеңімде.

* * *

Аз емес қой тәптіштеп сынайтындар,
Жоқ емес-ау кәрі, жас құлай тындар.
Бір қуантып кетеді кейде мені,
“Аққу әнін” айтқанда жылайтындар.



* * *

Топырағыңа туған жер төс басарда,
Ұқсамаспын бой бермес бесті асауға.
Ерте тұрып, кеш жатқан өмір кештім,
Өлмесін деп өлеңім ешқашан да.

* * *

Ата-бабам естірткен мың сан дүбір,
Алыста ғой, ағайын, қусаң түбір.
Сәтті күндер кешсем де қай қияда,
Жұмақ екен ауылда жусан-ғұмыр.

* * *

Шәмшіқамар ауылда жеңешемсің,
Анам оты сен барда неге сөнсін.
Күйбендеуге жалықпас мінезіңнің,
Ең асылын келіндер тере берсін.

* * *

Келешекке ақ тілек арнатулы,
Жалғыз сөзбен жаза алсам бар хатымды.
Сарандықтан сақтай гөр — дер едім мен,
Үрім-бұтақ артымда зәузатымды.



* * *

Көргенімді көзіммен негіз етем,
Білмесімді ақылға көп іздетем.
Аз өмірде аса көп байқағаным,
Жалқаулық пен қорқақтық егіз екен.

* * *

Жасық жігіт жаутандап үнемдейді,
Тып-тыныш, есен-аман жүрем дейді.
Өжет жүрек дүниені астан-кестен,
Қайда несі жатыр деп түгендейді.

* * *

Мен марқайдым, ел кездім, дала кездім,
Қасіреті де жоқ емес қара көздің.
Бала күнде қызықсам үлкендерге,
Жастық шақтың қадірін жаңа сездім.

* * *

“Доспын, доспын” дейтіндер жайға қалды,
Керегінде тым жақсы пайдаланды.
Кетсе кетсін жаман дос мал емес пе,
Құдай өзі бергенін айдап алды.



* * *

Өлімді де өзімше түсінемін,
Жасқанбаймын білген соң түсін, өңін.
Асықтырма сұм ажал, мен өзімді,
Шаршағанда қолыңа түсіремін.

* * *

Сумақайға сыр бермес салқын едім,
Адалдыққа арналды ақ тілегім:
Ащы өмірді біз шектік, жас ұрпаққа
Бер, тәңірім, құтты жол сәттірегін.

* * *

Өрт сезімді кезім жоқ тоқыратқан,
Өшіре алмас көктемді соқыр ақпан.
Балалығым қалыпты ауылдағы
Ескі арбада шөп тиеп, отын артқан.

* * *

Қызғанба, дос, құмартсам мен “Қырымға”,
Өлмес өлең өрелі жүр сырымда.
Уақыт өтер, үлбіреп қара жерде,
Азық болып жатармын гүл шырынға.



* * *

Нарық келіп қасапша жіліктесе,
Құрып кетті қаптаған түлік кеше.
Даңғазадан үйіршен дым бітпейді,
Мықтылары қазақтың бірікпесе.

* * *

Той-думанмен тіршілік өлшенбейді,
Нұрлы жүрек барын мол берсем дейді.
Адам биік алдында арманымен,
Ар ісіне әрқашан көнсем дейді.

* * *

Басылмайды отты жыр татым-нәрі,
Өжет ақын, ол қайсар батыр әрі.
Ту ұстатып Мағжан деген бір сөз
Түркістаншыл майданға шақырады.

* * *

Шат күлкіден ашылар жұрт қабағы,
Әне, сонда көңілден бұлт тарады.
Тал қармаған секілді суға батсаң,
Жеңіл әзіл қайғыдан құтқарады.



* * *

Алас-күлес кең құлаш көсіл мейлі,
Шын ардагер еліріп есірмейді.
Құлығынды тәңірім кешірсе де,
Сұмдығынды ешқашан кешірмейді.

* * *

Сәуледен жыр, желден де ән теремін,
Елмен бірге мен егісті егемін.
Іздегенім шырт ұйқыдан оятса,
Елестейді тағы да бір керегім.

* * *

Күннен түскен сын тағар арайға да,
Жан шошымас құлқынан қалай ғана.
Ондай сөзді айтуға хақысы жоқ,
Мін тағыпты бір даукес Абайға да.

* * *

Сұлу көріп ынжық та батырланды,
Сәт екен ғой түн сүйсе батыл жанды.
Өсек-аяң қам жеме қоюланса,
Асыл жанға жалғасып атың қалды.



* * *

Қапшағайдың осы ма сасқан шағы,
Жырға айналды қор болған қасқалдағы.
Шүрегейден байғұс-ай таяқ жепті,
Ел алдында еркінсіп асқан бағы.

* * *

Естігенде есі жоқ жау жаласын,
Қаңғырмасын құр бекер қауға басың.
Өзі қазған орына өзі түсер,
Қызуланба, сабыр ет, сау қаласың.

* * *

Кенесары аларда тау өткелін,
Бас сарбазды білеміз жаңа еткенін.
Қолға түскен қолбасшы “әттең” деді,
Ағыбайдың білгенде сау өткенін.

* * *

Тұрып қалма, жан-жаққа қарап тегін,
Қалта түбін бұл күнде санапты елім.
Өкпелеме, өтпелі кезендерден,
Бүкіл елдің ойлайық сау өткенін.



* * *

Жаңалықты бұрындау ұғынғаным,
Ақын-кенші аңғарған сырым қалың.
Өзім десем өзгені ұмыту жоқ,
Маңайыма келмейді қырындағым.

* * *

Айта бермей күрсініп “ой, алланы”,
Күн көрісін таппай ма қоян дағы.
Еңбек етсе ерінбей кәрі мен жас,
Егемен ел сол дер ем оянғаны.

* * *

Әлем сыры білгенге өте қызық,
Даңғыл жол жоқ өтерлік жеке сызып.
Бар адамзат өткен жол өз жолымыз,
Оған қарсы болмайық шеке қызып.

* * *

Шешіп тастап басында малақайды,
Бар айтқаны демсіндер нала қайғы.
Талапайды көргенде ел жұтаған,
Жөндеп салып көрмеппін алақайды.



* * *

Кешіп келем туғалы өртті кілең,
Бір басымнан мың дауыл өтті білем.
Кеш болса да молшылық бір келеді,
Жамандардан жақсының көптігінен.

* * *

Беу, ағалар! Шындық пен құнды күшін,
Қан кештіндер сатқынның сұмдығы үшін.
Менің ағам сендерсің шын арыстар,
Қасарысып өткендер шындық үшін.

* * *

Тәубә десең сыртыңның бүтініне,
Адам шеккен ар-намыс жұты міне.
Арқалыны қалталы аңғармайды,
Бағынумен доллардың үкіміне.

* * *

Сақтаймын деп құлқынын оттан аман,
Ақиқатты не болар нөқталаған.
Зиялы боп қиялы шыға келді,
Кешегіні аямай соқпалаған.



* * *

“Көрмедім” деп көргенді өз көзімен,
Ақылға тор, салды ғой сөзге жүген.
Соның бәрін істетті жағымпаздар,
Тапты деме ақсақал өз-өзінен.

* * *

Өмір. Тұрмыс. Кең нарық, майдан алаң,
Адамдар көп ақылын майдалаған.
Қайыршының өлеңін ел тыңдайды,
“Қамажайға” салады пайдалы адам.

* * *

Адал досың артықтау аталастан,
Ол дәл басар жерінді қате басқан.
Шымылдығын шындықтың ашқан кезде,
Жұлдыз төгіп алдыңнан өтеді аспан.

* * *

Ел намысы — ең үлкен асыл ұғым,
Келте шешер жоқ менің асылығым.
Қандай өткел көрсек те, туған елдің
Шын бақытын көруге ғашық ұлмын.



* * *

Беу, ағайын! Аз болсын гүлің мейлің,
Тіршілікке мін тағып түңілмеймін.
Мені қойшы, менікін ұғу үшін,
Ахуалына ауылдың үңіл деймін.

* * *

Саясатты жүргендер емге білмей,
Көрер біреу біреуді жеңгеніндей.
Кей партократ демократ бола қалды,
“Христостың халыққа келгеніндей”.

* * *

Қаратауға оралып ой бұрынғы,
Жетісуға жиірек жол бұрылды.
Көкшетауды сүйсем де өзгеден көп,
Ұлытаудан барлаймын ой-қырымды.

* * *

Сүйемелдеп ағайын арығын да,
Игереді қазағым нарығын да.
Ойлайтыным: тозбасын адамшылық,
Азаматтың сіңбесін ары құмға.



* * *

Түңілумен мұң-шерді тасымаймын,
Ақиқатты түсінер жан сыйлаймын.
Егделікке берілмей өзімді өзім
Өрге ұмтылған жүйріктей қамшылаймын.

* * *

Ауыр десе, ауылым өзгергенің,
Уайымшыл, жандайшап сөзге ермедім.
Ұлық сүйгіш халқым-ай, сен мықтысың,
Күңіrentті бүгінгі өз көргенім.

* * *

Алтын арпа орансаң егінге біз,
Ақысы аз, жүгі ауыр жегіндеміз.
Жер байлығын ете алмай ел байлығы,
Қайта түстік баяғы тебінге біз.

* * *

Өлең жазсам жүрекке емші көріп,
Ән оралды айтарын көрші, шолып.
Егделердің ішінде жас көрінем,
Құдашаға үйренген көрші болып.



* * *

Жастық шақпен кетсе де сері күнім,
Еліктірді көп елес мені бүгін.
Кездесе алмай кетсек те талай жылдар,
Серік болды әр сөзге сенің үнің.

* * *

Басар деген жүректің көп шығынын,
Үзім жәрдем етпеді көк шылымым.
Арағың да ақыры жау боп тиді,
Дос етіппін асыл ән, сөз тұнығын.

* * *

Сәтті күйге сыйыншы, құран ұстап,
Шыдау қиын келгенде тура қыспақ.
Жүрегімнің лүпілі жиілейді,
Кеткен сайын айыр жол тым алыстап.

* * *

Күн айқындап тұрғандай бұлт жасырмай,
Ғашық күндер бар еді бір ғасырдай.
Хан базарда көрсем де шыдамаушы ем,
Алай-дүлей от қызу бір басылмай.



* * *

Есті қайтсін есерді басып, жаншып,
Көп кіжінбе далбаса ашынғансып.
Басынғанға бастаушы дәл өзіңсің,
Өзің ғана аларсың басынды аршып.

* * *

Ақымаққа қақ төрден тақ құратын,
Жексұрынды ұлыққа жақтыратын;
Өтті десек озбыр күн, тозғыр заман,
Біреу жоқ-ау біздерді жаққа ұратын.

* * *

Ақылдыны ақымаққа жығып берген,
Шын мықтыдан жылпосты мығым көрген;
Кеше ғана бір “мырза” қатты өкінді,
Сол жылпостан өзі зор сығым көрген.

* * *

Толқып жатқан жігерлі ағын ішім,
Марқайғандық — ақылға бағынышым.
Тағдыр саған өкпелеп өлең жазам,
Ескермесең халқымның жалынышын.



* * *

Албырттығы бақыт қой жүректің де,
Тас қопардым, кен қаздым, дір еттім бе?
Соңғы күнін Помпейдің ішім сезді,
Жаңа жырым дәл сонда бірікті үнге.

* * *

Ардақтаймыз бірлікшіл біз ғұрыпты,
Қашан ауыр тер төкпей іс тыныпты.
Қазағыма тілеймін ақыл, қайрат,
Адамзатқа біткен бар күштілікті.

* * *

Бүгін қызық жанымның сезінгені,
Ақиқатым, пәк сырым сөзім тегі.
Топанына топалаң батып кетпей,
Жарар еді жылжысақ тез ілгері.

* * *

Мүлгімеймін, өлең сөз бабындамын,
Егіз туды ел сүйген ағынды әнім.
Арлы жанның бейнесін паш етемін,
Құлқым сүймес ел талап қағынғанын.

Суреттер сыр шертеді



Мағжан Жұмабаев ауданының орталығындағы
ақын ескерткіші алдында



Кербез Көкшөден ару Парижге дейін



Қыз-бозбала күндері



Ақынның жас кезі. Зайыбы Мариям мен
балалары Ерлан, Майра



Дастарқан басында — келіні Гүлбан мен немересі Дана



Ұлы Ерланның отбасымен Мәскеуде түскен сурет



Құдағиы Майра және зайыбы Марияммен



Қызы Майра, күйеубаласы Марат, немересі Арман



Күмбірлеген күміс үн құлағында сәбидің



Отбасындағы
бір сәт



Ұлы Ерланмен



Немересі Арманмен



Зайыбы Мәриям
немересі Әдиямен

Немерелері Дана
мен Әдия





* * *

Ашқан өзен секілді мұз іргесін,
Егемендік арнасы үзілмесін.
Қуанышты тойлауға қол тимейді,
Қиындықтар керуені тізілгесін.

* * *

— Ол жүр екен іздеумен шаршап нені?—
Десе біреу, аңсатпас мансап мені.
Кеншілік пен әкімдік қол сілтесе,
Ақындықтың қарсы алды аңсап желі.

* * *

Шыдамдылық жасаймын тасытпай мұң,
Жабық жатты жасымнан ашық қайғым.
Ел дертімен көкіректен бірге шықсын,
Көп аптықпай ақырын қасықтаймын.

* * *

Ерте кешіп ата-анам ақыретті,
Жаралыға тағдырым жақын етті.
Аз ғана күн тәлімін алсамдағы,
Ақ сүтімен жан анам ақын етті.



* * *

О, ғаламат! Мен неге тым аңсадым,
Бұлаңдады алдымда мұнар-сағым.
Межешамдай сол сәтте жайнай берді
Тостаған көз бір қызға құмар шағым.

* * *

Қызық екен жігіттің сенделгені,
Ән іздетті сағынған кездер мені.
Жоғалтқанды жоқтаумен жығылғам жоқ,
Бүгінгім де құдайдың өз бергені.

* * *

Көз қызыққан көксемес көңіл нені,
Жалт қараған жез киік шегінбеді.
Содан бері тымайды шақыруын,
“Киік жолы” Сарыарқа төріндегі.

* * *

Қазақ деген тамаша дарқан халық,
Жетімдікке қалмадым арқандалып.
Жүрегімнің бір шетін үзіп берем,
Кісі келсе алдыма жаутаң қағып.



* * *

Бар бақытты қызғанбас басымдағы,
Біздің ауыл қыздары асыл бәрі.
Солар жебеп қасымда ұшып жүр ғой,
Ән төгілткен қыз-шабыт лашындары.

* * *

Жаңалыққа ұмтылса өлкем бүгін,
Шақырып тұр алдымда өркенді күн.
Қуанышты, шаттығым, бар байлығым,
Кербез дала ол сенің көркемдігің.

* * *

Күнге жеттік қазағым Азат деген,
Шын қоштастық мұң шеккен азаппенен.
Жын қакқандай қырық
 пышақ қырылыспайық,
Қайта оралу өткенге мазақ дер ем.

* * *

Жұрт айтты деп құр бекер елігу жоқ,
Бірақ, достым, ертеңге көңілім тоқ.
Махамбетшіл, Абайшыл, Мағжаншыл,
Қазағыма қашан да сенімім көп.



* * *

Сәтсіз күнде аш қасқырдай бас салар,
Ғадетім жоқ өткен күнге қастанар.
Қазақ үшін көне, жаңа — бар тарих
Егемендік алған күннен басталар.

* * *

Заңғар қайда данышпандар шықпаған,
Ырымым бар қадамдарын құптаған.
Қанша рақым тілесе де алладан,
Өз күшіне сену керек мықты адам.

* * *

Шығуды ойла есік ашсаң кіруге,
Оңай сауда емес мінсіз жүру де.
Бұл фәниде не бастасаң сәт тілеп,
Ақыл керек соңын зерлей білуге.

* * *

Керегі жоқ жалған досқа жаланың,
Адалдықты аялайды бар әнім.
“Қаныш-аға қандай?” десең айтайын,
Бітті оған мінезі кең даланың.



* * *

“Жезкиікке” жүрмін көптеу табынып,
— Ол қай қыз?— деп сұрай берді бар ілік.
Сондай сәтте көзге оралып кетесің,
Сасып қалам мен есімнен жаңылып.

* * *

Алғыс айтам құрке талды сайға да,
Біздей оны сайрандады қай бала.
Құпияны тірі жанға ашпайық,
Тіл біткен жоқ аспандағы Айға да.

* * *

Жан серігім туған айдай әдемі,
Табылды одан інкәр, құштар жан емі.
Ауыл қызын бірге іздеп барамыз,
Басылсын деп сағыныштың әлегі.

* * *

Нарық келіп көрсем елді сенделген,
Түйсігі бар түсінігім дем берген.
Қиналғанға біз де жәрдем етерміз,
Бүгін көмек күтсек басқа елдерден.



* * *

Көп үңілсең қазіргі хал, жайыма,
Бақытым бар біткен өз маңдайыма.
Жауым — деме, жауықпас ақын ғана,
Ол қарайды ел-жұрттың жағдайына.

* * *

Асқақтанып, көп құбылып баптанбай,
Тастақ жолда сүрінем — деп сақтанбай;
Көзін жұмып шапқылап жүр бір інім,
Анасы өзін нарық үшін тапқандай.

* * *

Қилы-қилы аласапыран кезектің,
Бәрінен де келер кейде тез өткің.
Өмірім де, өлеңім де, әнім де, —
Арпалысы мәңгілік пен мезеттің.

* * *

Асықпа, дос, әрі ойла да бері ойла,
Кесіп айтпа, шешім айтсаң қарайла.
Әр пенденің өз жұмбағы өзінде,
“Жұмбақ адам” емес пе еді Абай да.



* * *

Қырсық мінез құтты жерден құлатар,
Кей пейілің басыңды елмен құратар.
Жылы сөйле жылан шықсын інінен,
Біздің қазақ “сыйға — сыйды” ұнатар.

* * *

Жұттың басы — қолда түйір нансыздық,
Қара нанға жетпес өзге дәм, тұздық.
“Жоқ”-тан “бар”-ды жамап-жасқау
бақыт қой,
Барымызды тез жоғалту қамсыздық.

* * *

Соғыс жылдар тез білінді “аз”, “көптік”,
Жидек теріп жасай білдік жан септік.
Өз анаңнан мезгілсіз нан сұрамай,
Ішімізге көзден шықпас жас төктік.

* * *

Сыр білдірмей ақша жоқ деп жасқанған,
Қайыршыға пұл орнына ас салған;
“Жоқ”-тан “бар”-ды анам тауып бергенде,
Таң қалушы ем, түсті ме — деп аспаннан.



* * *

Сәтті болсын ел сүйсінер қимылын,
Берді дей гөр азынаулық сыйлы күн.
Артық аттап кете алмайды еш адам
Әу бастағы тағдыр жазған бұйрығын.

* * *

Өмір салған асыл белгі ақ шашым,
Егде күндер қарттыққа да баптасын.
Қара шаштың ағарғаны сөз бе екен,
Ақ жүрегі қарайғаннан сақтасын.

* * *

Бағыт-бағдар берген асыл мінезге,
Кемеңгерде керемет бар бір өзге.
Қаныш аға ең тамаша сипаты,
Ол сенбейді іс тындырмай құр сөзге.

* * *

Жаңа ғасыр кейінгіге сыр ұқтыр,
Білек емес, білгеніңмен шынықтыр.
Қарай қалшы келбетіне Мағжанның,
Бар қазақтың мұң мен шері тұнып тұр.



* * *

Төтеп беріп мұхит өмір жойқынға,
Қабак шытып қылыштасқан ой, қырға;
Кенесары ұрынғандай елестер,
Тау жота боп қатып қалған толқынға.

* * *

Дүние жалған ағып өтер мезетсің,
Айтып жүрміз екеуара кезек сын.
Барға разы, жоққа үміт сөндірмес,
Сәуле шашып атқан таңға не жетсін.

* * *

Дер кезінде туған сөзден қымбат жоқ,
Отыр деме мақтау сөзді құрмақ боп.
Өз сырынды өзің айтпай кім білсін,
Қала берер жалғауы жоқ жұрнақ боп.

* * *

Жұмсақ келер жел сөздің құс төсегі,
Кідіріссіз-мүдіріссіз өседі.
Кей пақырдың қалған есін кетірет,
Алдамшының түбі жалған өсегі.



* * *

Күннен сыбыр ұқпай қалған гүл жетім,
Ауырлады ақын, сенің бұл дертің.
Кіжінеуік кердендігің не берер,
Ел бірлігін есен сақтау міндетің.

* * *

Қиялым сол дауыл-желмен жарысқан,
Таң қалмайды маған көптен таныс жан.
Туған елім мәңгі азат қалсын деп,
Толғанамын жарыла жаздап намыстан.

* * *

Үрей қозғап қараң қалған алаңдар,
Секілденген ала бүлік адам бар.
Талай жылдар дос боп жүріп қас болған,
Шошытады кей нақұрыс надандар.

* * *

Ақыл, сенім кең шабытқа азық бер,
Жүйрік қалам, болмыс түрін жазып көр.
Ақиқаттан бұлғақтама, бұлтарма,
Сонда сені елің алтын қазық дер.



* * *

Тым қабағат апатқа да жармасам,
Кім бар еді мен жалынан алмасам.
Дертін ұқтым тез кілбиген Аралдың,
Шалғай жүріп елдің халін барласам.

* * *

Бодан күннен тарихымды сыр қалың
Отаршылдық ұмыттарды тың шағын.
Сыртқы жаудан құдай өзі сақтайды,
Ішкі даудың өрбітпейік ызғарын.

* * *

Екі аяқпен жер басарлық күй келіп,
Кетті адам жабайыдан түрленіп.
Содан бері келе жатыр өркендеп,
Бар адамзат тік жүруді үйреніп.

* * *

Тіршіліктің жөнделуі қимылдан,
Дамыл таппас Ай мен Күн де нұр құйған.
Бірақ, байқа, бір керегі болмаса,
Берекені әкетеді құр бұлғаң.



* * *

Бұқар жырау, саясатқа кең едің,
Сен хандыққа ақындықты теңедің.
Атам қазақ азулысы айбарлы,
Абылай ханға қарсы келген сен едің.

* * *

Беу, әділет! Кете көрме тұншығып,
Саған ғана сүйеніп тұр гүл шыбық.
Шошып кетем өңі өшердей тірліктің,
Сен алдымда жарқ етпесең құлшынып.

* * *

Қамыққанда күймен жүрек жамаймын,
“Сарыарқадан” сәуле шашар арай күн.
Құрманғазы атамызды азатшыл,
Дауыл-күйлер дарабозы — санаймын.

* * *

Тәттімбетке тағдыр тың жол тапқызды,
Шертпе күйді ел тыңдайтын сәт қызды.
“Саржайлауы” мұң мен назы қазақтың,
Кенесары өкінішін айтқызды.



* * *

Беу, ағайын, жалқаулықты тыйдың ба?
Кәрі-жасты қосып үрдіс кимылда!
Қандай жақсы бірге салған саятта
Ақиықты құс ілімпаз түйғынға.

* * *

Көкіректе Абай ата әр сөзі,
Мың оқысаң болмас ынтық жан мезі.
Оны қазақ Пушкині деу олқылау,
Фердоусіі, Толстойы бәрі өзі.

* * *

Құпия жоқ түбі терең сырымда,
Анамды аңсау бермеді көп тыным да.
Тебіндегі тентек емес, жал бітті
Жұттан кейін жалғыз қалған құлынға.

* * *

Өмір сырын кең барлауға сай туған,
Қорқыт мұңын дей көрмеші сарқылған.
Ол да өтті зарлы заман күрсінтіп,
Біз де көрдік алған күнді алқымнан.



* * *

Қуанышта ағайын ағылады,
Лек-лек дос-жарандар сабылады.
Реніште ет жақын бауырлар мен
Алдай білмес дос қана табылады.

* * *

“Қара суға қайғысыз семіреді”,
Деген мәтел теліген өмір еді.
Арзанға алып, қымбатқа сататындар,
Нанды қайтсін, ақ майға көміледі.

* * *

Шошымаймын сұм тағдыр қылса қысым,
Тына қалар бір демде бұл шабысым.
Тілейтінім: қонса екен немереме,
Мен кеткенде жебеуші сұрша құсым.

* * *

Нарықшыл әр пендеге ісі пайда,
Бұл күнде сөз тыңдайтын кісі қайда.
Отырар көзі тыңдап, көңілі аулақ,
Сақтай гөр, керең құшақ ұшырай ма.



* * *

Шалғай жолдың сағынышы батып та,
Болдық куә азды-көпті бақытқа.
Саған деген құштарлықтан деп білем,
Қызықпасам жолда көрген жақұтқа.

* * *

Тайғақ жол кезеңі көп біз ұқпаған,
Дәлдікке өлшем, мөлшер сызыпты адам.
Аз сөзбен көп ұғымды беру арман,
Жас еттей тілге жайлы тұздықтаған.

* * *

Молшылық мезі қылар ақымақты,
Жан қайда сақтай білер асыл затты.
Бөрідей шала тойып бүлік салмай,
Естілер “бар” мен “жоқ”-тың бабын тапты.

* * *

Өзіңмен биік менің нұрлы аспаным,
Белгілі бұл жалғанды жырласқаның.
Махаббат — мәңгі қызу базар екен,
Жиһазы — тату, тәтті сырласқаның.



* * *

Жүлделі алыс жолдан оралғандай,
Қара көз құрмет етсе қол алғандай;
Мен тұрдым бір қуанып, бір мұңайып,
Көп жылғы сағынышым жоғалғандай.

* * *

Қоштасу — азап болса өмір берген,
Кездесу — жұмақ-ғұмыр көңілденген.
Бар екен әр меңнаттың өз рахаты,
Тіршілік қанша қиын көрінгенмен.

* * *

Өтірік өсекпенен негіз бұзбай,
Қызық-ау кездескені егіз қыздай.
Екеуі әмпәй-жәмпәй әурелесе,
Мықтылық — мінез сақтау жеңіл қызбай.

* * *

Жоқ жерде әкелгенін ыстық қайғы,
Сұм ажал қанша айтсаң да бізді ұқпайды.
Қоштасып, асыңды бер, иман тіле,
Төгілген көз жасынан түк шықпайды.



★ ★ ★

Аққудай жел сындырған қауырсынын,
Беу, қалқа! Тағдыр тартқан ауыр сырын.
Кездесіп бір оңалды-ау қайран жүрек,
Әдемі шықты үні дауысыңның.

★ ★ ★

Өлеңім сара сөздің біл тақтасын,
Сүйсініп, құмарланып ел жаттасын.
Бүркіттің жемін тоспа сандуғашқа,
Әнші құс көңілі қалып, іш тартпасын.

★ ★ ★

Адамның болсын молдау ар-намысы,
Жігіттің ұзақ жолда бар табысы.
Өмірі от басында омыққанның
Бітпейді қатынымен арпалысы.

★ ★ ★

Тастай салып қасында жас әкесін,
Немереңнің сүйгенін әс етесін.
Бұл да тірлік шайқасы деп қаламын,
Немерем мен баламның бәсекесін.



★ ★ ★

Бос қалтасы адамның шын дұшпаны,
Сонда жатыр дос таныр тұрмыс мәні.
“Аштық” десе қазақтың шошитыны,
Отыз екінші жылдардың тым қысқаны.

★ ★ ★

Абаймен асау күнде шектелмедім,
Гете, Пушкин, Байронды жек көрмедім.
Жақсы болды жасымнан жаттап айтып,
Омар Хайям бабамды ескергенім.

★ ★ ★

Мұзда таймас арғымақтай тағалы,
Бір өзіңмен болдым елге бағалы.
Талай-талай сүрінерде табылды
Ар-намысты таза сақтау амалы.

★ ★ ★

Тимесе де пендеге тірі себі,
Айтқырлардың бірі ер, бірі сері.
Күні бойы қолпаштау табылмаса,
Кешке өзін мақтауға кіріседі.



* * *

Досым еді белгілі жанашырым,
Көзін басты — қаскүнем қара шыбын.
Алтын көріп періште жолдан тайды,
Сол кеткеннен көрмедім қарасынын.

* * *

Қалтасына аспаннан не түскенін,
Білеміз ғой бөліспен жетіскенін.
Ойыншыққа таласқан бала дерсің,
Кей бастықтың өзара шекіскенін.

* * *

Қызға ықылас көбірек бұрмаланса,
Ұл түсетін жасында мұңға қанша.
Бүгін олар асығар бір-біріне
Қолда барын тезірек сыйлағанша.

* * *

Аяз Ата секілді көрмедегі,
Немерелер игерсе төрде мені.
Бәйбішемнің жанары жарқ етеді,
Ол “шалымды өзіме бер” — дегені.



* * *

Ғашық өлең айналды ғадетіме,
Петрарка құмарттым сонетіне.
Қара өлеңмен сонетті көремін мен,
Сұр қосқандай ақ марка қой етіне.

* * *

Махаббат қой өлеңге құштар қылып,
Сыбырлаған сезімтал ынтамды ұғып.
Сәукеле етіп сәулемге кигізуге
Жаттығыппын сонеттен гүлтәж құрып.

* * *

Саған ұқсас мінезі көрікпенен,
Сұлу көріп кетті ғой ерік менен.
Мехнаты мен рахаты кезектескен,
Бар дегенге махаббат сеніп келем.

* * *

Тасыған мейманасы тілге бейпіл,
Болыппыз ақымаққа үндемейтін.
Ақындыққа сондайда нұқсан келіп,
Ұқсайды аяз соққан гүлге кейпім.



★ ★ ★

Білмегенім көптен көп елде менің,
Бүгін ұғып, толғанып сенделемін.
Өршеленер өсиет неге айтпадың,
О, махаббат! Тым жуас пендең едім.

★ ★ ★

Ауыр жолды тым жеңіл қабылдадым,
Содан кейін... алғашқы табылды әнім.
Аңсап, сусап өтуге көндігіппін,
Ақын етті үздіксіз сағынғаным.

★ ★ ★

Асыл інген жоғалтса ақ ботасын,
Кетеді екен аралап тау жотасын.
Нар болсам да айтайын бар сырымды,
Алма беттің сағындым ақ тоқашын.

★ ★ ★

Көктем өтсе болардай жазы ұнар,
Ақыл қайда әр пенде назын ұғар.
Өлді деуге қимаймын азаматты,
Соңына ерген артында қазығы бар.



* * *

Жастай сүйдім сан түрлі өнер кенін,
Қанша жүрем? Бір күні сөнер демім.
Қаза жетсе қаймықпай қарсы аламын,
Жібермей жүр әзірше өлендерім.

* * *

Қыздар қайда жасымда сыр алысқан,
Көрінесің бұл күнде тым алыстан.
Ауыл жаққа келемін сен кездесіп,
Жарылар ма жүрегім қуаныштан.

* * *

Алып кетті қияға суыт желік,
Сыр бермедім анамнан туып берік.
Бір ғажабы сол екен — ұзақ жолда,
Келе жатыр күдікті үміт жеңіп.

* * *

Бірымшылмын сөзге нық уәделі,
Не сүйсінтті? — деп сонда сұра мені.
Ақан Сері жүреді көз алдымда,
Топтан озып құс қанат Құлагері.



* * *

Сырымды айтып, бар дертті емдетуге,
Елендеймін сені іздеп жер бетінде.
Бала күндер белгісі қалды ма екен
Раушан гүлдей сүйкімді келбетінде.

* * *

Елге оралсам адаспай легімнен,
Шаттық кернеп ішімнен күлемін мен.
Тұла бойың дірілдеп кетер ме екен
Ұстағанда ақ күміс білегіңнен.

* * *

Алғашқыны айтқанда еркін кетем,
Ол — атқан таң! Сәулесін өмірлі етем.
Соңғы деген құштарлық отын сақтап,
Шуақ шашып батқан күн секілді екен.

* * *

Барлық жұлдыз қызғанған жалғыз жұлдыз,
Түнде жайнап тағы да жандың күндіз.
“Жезкиік” боп барасың жер бетінде,
Бір көрдім деп қуанып қалдым үнсіз.



* * *

Қазақпыз ғой ежелден мол қонағы,
Дастарқаны ішімдікке толады.
Омар Хайям айтқан сөзге тоқтайық,
“Мас емес бір масандау кез болады”.

* * *

Шекпен үшін келмейді ерегескім,
Жер-жаһаннан демеймін бөлек өстім.
Бірақ, достым, абайла жолым ашық,
Құйысқаны қайрылған ер емеспін.

* * *

Абайламай сөздің ақ пен қарасын,
Беу, достым-ау, бекер айғай саласың.
Кейде адамдар айыра алмай қалады,
Түзулік пен қызулықтың арасын.

* * *

Ауыл десем есіме қыздар келіп,
Ай, әлемде кетеді ызғар кеміп.
Ақ дидарын байқатшы жазатайым,
Көргің келсе толықсып қызған көрік.



★ ★ ★

Кербестіні суғарып құмар суға,
Ақ бұлақты қол тиді бір аршуға.
Бүлкіл қағып жатқаны қандай қызық,
Сылқыл қақты, бір дертін шығарсын да.

★ ★ ★

Көп екен-ау егделік камалдарың,
Жел боп тиді баяғы самал-сағым.
Фаризаның тойында жыр оқысам,
Марфуғаның кешіне бара алмадым.

★ ★ ★

Көтеріп жүр жеңгем үмбет ырысын,
Шаршаса да шығару жоқ дыбысын.
Еміс-еміс осы төрде алады,
Тегіс келіп бар ағайын тынысын.

★ ★ ★

“Жез киікке” көл-көсір мол тілегі,
Шырқап, толқып, тебіреніп ел сүйеді.
“Киік қуып кеткенің бұл қалай?”— деп,
Ауылымдағы Жалғызтау мелшиеді.



* * *

Сәтті болсын басканың өрге қадам,
Сыйлы досым, бұйырсын төр де саған.
Бірақ, кетпе жоғалып еш хабарсыз,
Қан майданда секілді өлген адам.

* * *

Ақ Жайықты көп айтсам сақтана алмай,
Есте қалды ақ төсі ақ сазандай.
Марқакөлдің қайда екен ақ маралы,
Сырым көп қой сақтаған ақтара алмай.

* * *

Беу, тағдыр! Көкшетаудан алып ұштың,
Сескенбе сезсең мұңын сағыныштың.
Кен қаздым, жыр төгілттім, ел басқардым,
Қасіретін де Аралдың қанып іштім.

* * *

Өлі де жыр сайыста жарыспақпын,
Ұшатын өз өремде ғарыш таптым.
Жердегі ғаламатты сипаттар ем,
Ей, қалқа! Бір көруді алыстаттың.



* * *

О, ғажап! Екі беттің аппағын-ай,
Қара көз, одан аспас басқа шырай.
Үйімде бала-шағам, немерем бар,
Жас иіс әуресінен сақта, құдай!

* * *

Тәуір жігіт едің сен есенінде,
Іштің көше, қонақ үй, төсегінде.
Саша болам деп бөсу оңдырмады,
Нең бар еді еліктеп Есенинге.

* * *

Қызық екен Қарқаралы аймағы,
Кісінеді өрде құлын, тай дағы.
Мәди аға әнін еске түсірді,
Бір топ саяқ ағып өткен сайдағы.

* * *

Долданба, дос, көріп мені дұшпаның,
Ақ басымнан өтті талай қыс қалың.
Бұлқан-талқан қастасады деп қалма,
Өз өремді мен биіктеу ұстадым.



* * *

Буы кетті, су құрғады, тұз қалды,
Жоғалмастай игі жолда із қалды.
Туа біткен мінезінді жоғалтпа,
Ел сүймейді адал ғұрпын бұзғанды.

* * *

Кімге керек үрей шашқан ызындар,
Саспа қазақ, татар дәм мен тұзың бар.
Біз де берік мемлекет боп кетерміз,
Нали бермей, шын намысқа қызындар.

* * *

Қызық жігіт, қызық күлік қаққаны,
Жоралары өңшең жорға сақ бәрі.
Қолдасқанда көрінеді ұртынан,
Бір қулығын аш күлкімен жапқаны.

* * *

Айтпа құрбым маған өлең арна деп,
Өлеңсіз-ақ жан жылуын жалғап өт.
Жабулы сыр қалсын жабық, құпия,
Өзі жыр ғой бойда лаулап жанған өрт.



* * *

Сыр бүктелген аққу, қаздың үнінде,
Қызық көрдім Ұлытаудың түбінде.
Жаңа ғана жез киік су ішкендей,
Сағыныш бар көл шетінде дірілде.

* * *

Тел құрдастар бірін-бірі алдап па,
Бел-белестен қалдым елес жалғап та.
Жарқ етер деп қарсы алдымнан күтінем,
Ұзақ жолда жүрсем-дағы аулақта.

* * *

Саналы адам сұлулықтың перзенті,
Бәрімізді махаббаттың жеңді өрті.
Төлеген мен қыз Жібектің тағдыры,
Болып кетті айықпастай ел дерті.

* * *

Елге жетсем көңіл жүгі азайып,
Азайыпты шер қозғаған наз-айып.
Наз-айыпты саған қалай айтамын,
Айтпау қиын, сұлу едің ғажайып.



* * *

Жақсы іздер жаңғыртады өшкенді,
Жаман іздер қаңғыртады көшкенді.
Адал жолдан ғибрат алса адамзат,
Арам ойдан жердің беті сескенді.

* * *

Қайғылы әннен жетім жандар жетілер,
Асқақ әннен сарбаз жылдам бекінер.
Жетесіз сөз құмға кеткен сумен тең,
Бейсаналық қадір, құрмет кетіреді.

* * *

Бас дегенің — ақыл мен ой шырағы,
Жүрек — таза тасқын сезім бұлағы.
Қайдан десең дүние-дүрмек әлегі,
Тілден келер тамұғы мен жұмағы.

* * *

Көз дегенің көкіректің айнасы,
Көңіл деген ақ ниеттің арнасы.
Тіршілікте сыйламаған досыңның.
Өлгеннен соң тиер деме пайдасы.



* * *

Алдымызда не күтіп тұр кім білді?
Көп тыңдадық талай заңқой білгірді.
Құдай бізді даңқойлардан сақтасын,
Босатпайық бірлік деген шылбырды.

* * *

Ауыл жакқа қалам жиі бастайды,
Мен отырмын “байтал түгіл бас қайғы”.
Кемпір болып қаусап қана қалыпты,
Деп естідім сағынтқан қыз жастайғы.

* * *

Бала деген жер бетінде жәрмеңкем,
Айналайын, немерешім, кел еркем.
Өнер жолын жалғастырсаң болғаны,
Қатты ұйқыға берілгенде мен ертең.

* * *

Бұлттар өтіп бара жатыр бүктелмей,
Ақ жаңбырдан ауылыма құт келгей.
Сырымбет тұр Ақан Сері алаңдап,
Ақтоқтыны бір көрем — деп күткендей.



* * *

Жөнделсе екен келер күннің құшағы,
Бүгінгі күн екі аяқтан тұсады.
Кішігірім қайғы жылдам өткенде,
Үлкен қасірет үн шығармай қысады.

* * *

Сен дегенде мен есімнен жаңылам,
Үнсіз қалам келбетіңе табынам.
Қызық екен адамның кей кездері,
Тап қасында отырсам да сағынам.

* * *

Біздің ауыл дәулеті өлең, құты ән,
Ел қарасы көрінгенде жұтынам.
“Көрші” ойнасаң сен жоқсың ғой қатарда,
Сағыныштан қалай ғана құтылам.

* * *

Кейде аяң, кейде еркін желеміз,
Қайда жүрсең сұлулыққа сенеміз.
Жер-жаһанның бар ақыны қосылып,
Махаббаттың мұңын айтып келеміз.



* * *

Құран сөзін келді кезек татымдар,
Ғибрат істі жалғап өтер хақым бар.
Адам Ата, Хауа Ананы жырлаған,
Христос та, Мұхаммед те ақындар.

* * *

Нағыз өлең арудың қос бұрымы,
Ән ғашықтың құштар сәтте бір үні.
Тірлігінің өзегі мен өрнегі,
Пәк махаббат — ақындардың ғылымы.

* * *

Сенсің жүрек — ұшып жүрген көбелек,
Қалықтайсың төмен кейде төбелеп.
Тіршілікте тыным бермей келесің,
Қоймаған соң қанатыңды шегелеп.

* * *

Қай қияда көңілде жел еспейді,
Қай сұлумен тірі ақын тілдеспейді.
Сені көрсем баяғы Ниффертити,
Қыр мұрын қырдың қызы елестейді.



* * *

Тез өтсе де жастық шактың базары,
Есте қалды ауыл қызы назары.
Назарына елтуші едім ес кетіп,
Содан болды-ау көп сағыныш азабы.

* * *

Сең сокса да селк етпейтін кемелім,
Есенберлин, саясатқа кең едің.
Абылайға ақыл айтқан Бұқардай,
Қонаевқа амал тапқан сен едің.

* * *

Беу, достарым! Тарих ұмыт демендер,
Жаңалық көп ел құлағы елендер.
Отырарым табылғандай қуантты,
Хазарлардың астанасы Семендер.

* * *

Өз жанұяң мемлекетің бірыңғай,
Бала-шағаң тойлы көше туындай.
Бәйбішемнің қатты сөзін көремін,
Ыстық сорпа бой жылытар буындай.



★ ★ ★

Ең дәмдісін жеңгем ішсе сорпаның,
Абысындар ойлағаны төр камын.
Бәйбішелер тату, тәтті жүрмесе,
Сәні кетер біз жайлаған ортаның.

★ ★ ★

Дарқан өмір бергеніне жармасам,
Көксегенім армаңыма жалғас ән.
Ризамын от басында омықпай,
Шалғай жүріп жер-жаһанды шарласам.

★ ★ ★

Қыздар ұғып, біздер де қыздарды ұққан,
Болды күндер гүлзарда із қалдыртқан.
Шын махаббат саркылмас отты сезім,
Жаралыпты достыққа құштарлықтан.

★ ★ ★

Беттен сүйсе қызының сөзін бөліп,
Тебіренгені қарт ана сезім жеңіп.
Сыры мәңгі сақталар бұл мезеттің,
Нұры жанды жас күнгі өзін көріп.

1991—1999 жылдар.

II БӨЛІМ

ҚОС ӨРІМДЕР

Қос өрімдер, жаныма дос едіңдер,
Қам көңілге әл беріп төселіндер.
Көкей кескен тірлікте сырымды айтып,
Жақсы күйдей толқышы көшелі үндер.

Өмірге өкпе, етпеспін досқа шағым,
Арым таза сынбастай босқа сағым.
Үзілмесін жұптарың қоса ағарып,
Адал жары сүйгендей өз қосағын.

* * *

Ұзақ сонар ғалымның зерлейтіні,
Көбейіпті молланың “бер”— дейтіні.
Жоқ екен ғой ағайын, жасырсаң да,
“Көзі шыққыр” ақынның көрмейтіні.

Жүдеу жанар мөлт еткен отын қара,
Пайдакердің тіл қаққан шотын қара.
Қалтыраған қаңтарда елді көрдік,
Жарымаған қант пен шәй отынға да.



* * *

Ақылдылар аймаққа сән береді,
Орындайды ел сүйген бар кәдені.
Есі барлар қисықты түзеп жүрсе,
Еселеп жүр есерлер бар пәлені.

Кей “дөкейдің” жөн емес басты есебі,
Осалды іздеп, мықтыны “қас” деседі.
Құлагердей озғанды қан қақсатып,
Шаш ал десе, асығыс бас кеседі.

* * *

Жөптесем де жаңа өмір тайталасып,
Кемшін жерін ескертем байқағасын.
Тілегің пәк, жүрегің ақ болған соң,
Ақиқатты жеткізе айта аласың.

Өмір басқа екен ғой төмендегі,
Кең жазыққа түсірді өлең мені.
Жердің бетін анықтап көрмейді екен
Жарқыраған “жұлдыздар” төбендегі.

* * *

Байлық қуғыш қаулаған жоқ қайғы-мұң,
Тазалығым, адалдығым — байлығым.
Бар қазақтың ар-намысын қорғатты,
Қай қияда өтсе-дағы қай күнім.



Бақыттымыз десем сонда мен саған,
Ірге бұзып көргеміз жоқ баршадан.
“Жез киіктер” жанарымен жеткізді,
Жан толқынын туған елді аңсаған.



— Бұлт қабындап ашылмады аспаным,
Қайғы, қасірет көп шектім,— деп қақсадың.
Байқа достым, өзге күйге саларсың,
Үндемеген шерін ұқсаң басқаның.

Дүние-фәни жаңа білдім не екенін,
Кеуде қакпайі тәубашылық етемін.
Алматыда көп қайыршы көргенде,
Өз қайғымды мүлде ұмытып кетемін.



Нарық келіп ауылды сорлатыпты,
Саудагерлер ақшаны қолға тықты.
Көктөбеде күнде той, күнде думан,
Жертөледе қыстан ел зорға шықты.

Доллар деген секілді долы қатын,
Бақытың ба, сорың ба жолығатын.
Іш майынды барады жалап, жұқтап,
“Іскер” қайда, шіркін-ай, соны ұғатын.



* * *

Атам менің талай жыл аман жүріп,
Зор күрсінді кетердей заман құрып.
Түстен кейін шақырған ақ тауыққа,
Басын шайқап деді: “бұл жаман кылық”.

Түңілгендей өмірден батыл жаны,
Тәйт!— деп шықты ызалы ақырғаны.
Сұмдық,— деді,— тауықтың әтеш барда,
Әңкі-тәңкі мезгілсіз шақырғаны.

* * *

Балалардың балалығы жоғалды,
Қозы, құлын басты жасыл көгалды.
Ата, ана боп, шаңырақ құрып олар да,
Ес кірген соң еркелігін доғарды.

Десеніздер сонда маған не қалды,
Көңіл күйі тым өзгеше оңалды.
Өз балаңнан ыстық екен немерең,
Қайда жүрсем іздей берем соларды.

* * *

Көре тұра келе жатқан сұмдықты,
Шындық деме бұра тартқан қулықты.
Есі кіріп ертең бәрі түсінер,
Жақтаушылар жылпостық пен құлдықты.



Жадымда ғой кімді ұқпадым кімді ұқтым,
Қолымызда бар тетігі тірліктің.
Арал, Каспий аймағында келемін,
Атой салып зардабына құрлықтың.



Франция сарайының қызығы,
Келе жатыр құпия сыр үзігі.
Әйелдердің көбейіпті бұл күнде,
Ғашығына шабыт берер жүзігі.

Сақинасы жігіттердің саусақта,
Жарқырайды қай түкпірге барсақ та.
Күле қарап қызығады аш бөрі,
Түлкі өмірін қайталаған қарсаққа.



Тез жасалған қаталық тез кетпейді,
Тез кетпейді арқаннан тер кеппейді.
Ақылды ұлттың бәрі бірдей еңбекқор,
Онсыз шымқай кредиттер жетпейді.

Тартып алар заман өткен берместі,
Уайымдай қалды бүгін келместі.
Жапондарға, немістерге қарашы,
Бар тағдырын шымқай қара тер шешті.



* * *

Сұлулықты мақтан етем күш барда,
Қорған болам көлге қонған құстарға.
Қас батырдың шын мәрттігін паш етем,
Сертім осы қолға қалам ұстарда.

Ашық сырым, емес дәріс-өсиет,
Мен де жүрмін жалын бойлап, кешіп өрт.
Қайда барсам құтты жолға бастайды,
Әділетті сыйлау — деген қасиет.

* * *

Көңілім қалды ақтан да, қызылдан да,
Ермеуші едім бой сақтап сызылғанға.
Енді бүгін бармаймын қызбалыққа,
Онсыздағы жетерлік қызу қанда.

Көндігіппін қыз-шабыт ыңғайына,
Қайран қалма беу, достым, бұл жайыма.
Сандалмада сан жылдар ізсіз кеткен,
Қазір қатты батып жүр шымбайыма.

* * *

Таңғы өлеңім ұқсамас түскі өлеңге,
Ерте тұрам ой салғыш түс көрем де.
Жас күнімде қыран боп ұшушы едім,
Тақап қалдым сол қиял — күз, белеңге.



Баска киял бүгінгі түсті өлеңге,
Шакырады тым қауырт іс төменге.
Сайда ойнаған көрсетіп Жезкиікті,
Қайта айналып жүреді құс төбемде.



Төрде жүріп жараспас үнсіз болу,
Түнде ойланып, жасайсың күндіз шолу.
Күнде айқастың ішінде жүргеннен соң,
Мүмкін емес ешқандай мінсіз болу.

Тірлік өзге төменде жасағанда,
Тас атпайды өрден де, тасадан да.
Жүз мінінді бір пенде елемейді,
Қас адам да, ұқсайды мас адамға.



Жабық есік ашылар кілтін тапсаң,
Ақын деме бар сырды іркіп жатсам.
Беу, сұм тағдыр! Сен мені түсінерсің,
Бір күн сүйіп маңайдан бір күн қақсаң.

Қалам, досым! Жүрісті баяулатпа,
Бәрі мұңлы көз салсақ қай аймаққа.
Күркіреген өзенде күрсініс бар,
Кісінейді, ит ұлып, тай аулақта.



* * *

Қай жілікті шалдар кімге берер — деп,
Еден жакта тұрушы едік елендеп.
Қолға суды көп құйып ем, содан ба,
Жілік алған бала жоқ қой менен көп.

Жастық шақта серне жасап тоқтыдан,
Сырдың суы келіп жүрді топшыдан.
Есейгенде қолда барды асатып,
Ішіп, жеуден есен қалсам — деп тұрам.

* * *

Дүлдүл шықпас шабаннан,
Бекер үміт сақтайсың.
Ұсақ-түйекшіл адамнан,
Дана қылық таппайсың.

Таңдайында татымның,
Бар болса да тұрағы.
Айтқанына ақылдың,
Мінезі жетпей тұрады.

* * *

Сәт күткені жөн сілтеп,
Ақылға тез ұнады.
Басқа жаққа кеттік деп,
Жүрек шымшып тұрады.



Ұзамассың бір ұғып,
Бірде ұқпай жаттасаң.
Ақыл, сезім бірігіп,
Барар жерін таппасаң.

* * *

Меже қайда көздеген,
Не болады ұмытқан.
Озу, озбау өзгеден,
Бәрі мінез, қылықтан.

Сыйламасаң таң нұрын,
Күнің ерте батады.
Мінезіңе тағдырың,
Жауап беріп жатады.

* * *

Не бітеді, қарағым,
Тіке көздеп атпасаң.
Қолдағы істің аяғын,
Қияметке сақтасаң.

Теңіз кешіп өтпесең,
Балығы бар көлдің де.
Дым қарекет етпесең,
Нарық жұтып өлдім де.



* * *

Досың озса тамсанба,
Озар еді әлде кім.
Бақытым — деп қарсы алма,
Ақымақтың жәрдемін.

Тілегі бір қосыңның,
Бар жиһазын көп деме.
Жүрегі бар досыңның,
Өкпесі де жоқ деме.

* * *

— Мысықтың түнде жүрген бәрі қара,—
Дей көрме ақтауы бар әрі қара.
Көшеде қайыр күткен адам көрсең,
Көмек ет жүрегінің бәрі жара.

Байқашы, мүмкін жаны жақын шығар,
Қалайша бұрылмауға дәтің шыдар.
Тұманбай айтып еді танымын деп,
Дәл осы, дәуде болса, ақын шығар.

* * *

Бұлттар өтіп бара жатыр бүктелмей,
Ақ жаңбырмен ел шетіне күт келгей.
Сырымбет тұр Ақан Сері секілді,
Ақтоқтыны бір көрем деп күткендей.



Естілердей қыздар салған сылқым ән,
Тәтті дәмге тәбет тартып жұтынам.
Сен жоқсың ғой қарсы алғандар ішінде,
Сағыныштан қалай ғана құтылам.



Сырымды айтып жасырмай желге, күнге,
Үміт үзбей іздедім жер бетінде.
Бала күндер жалыны қалды ма екен,
Лала гүлдей акқұба келбетінде.

Елге оралсам сағыншақ тілегіммен,
Шаттық кернеп күлімдеп жүремін мен.
Тұла бойың дірілдеп, толқырмысың,
Ұстай алсам ақ күміс білегіңнен.



Бала-ғашық дегенде еркін кетем,
Шыныңменен көрінбей кеттің бе сен.
Мөлдір сағым, жас қиял тәтті түстей,
Ақ дидарың атқан таң секілді екен.

Аспанында махаббат жалғыз жұлдыз,
Түнде жайнап тағы да жандың күндіз.
“Жезкиік” боп жарқ етсең жер бетінде,
Бір көрдім — деп қуанып қалдым үнсіз.



* * *

Аңсап көктем, шіркін-ай, көркем гүлін,
Тосушы едік шығар деп ертең, бүгін.
Шыдай алмай ертеңге жетті дерсің,
Шырт ұйқыда бейнемді көрсең бүгін.

Сағыныштан көрген түс алмасады,
Алмаспаса жүректі шаң басады.
Көргеніңнің ұмытпа бір үзімін,
Сонда ғана өң мен түс жалғасады.

* * *

Ауыл десем бірге өскен қыздар келіп,
Ай, әлемде кетеді ызғар кеміп.
Анандайдан жарқ етші, жүрек деген,
Бір жөнделсін ырғағын бұзған көрік.

Егделікке көндікпес күш аласың,
Айырсаңшы өңің мен түс арасын.
Бір кездесші, өткенді бағалайық,
Шамалайық көктеммен қыс арасын.

* * *

Әке өлімін ес білмей қабылдадым,
Анам өтті. Аңсатқан табылды әнім.
Көрші қызы көрінбей сен де кеттің,
Ақын етті бәріңді сағынғаным.



Беу тағдыр-ай! Маған да маза бергін,
Қала берсін артымда таза белгім.
Жаңылысты дей көрме, ағайындар,
Сағынышты келеді жаза бергім.

* * *

Бүгін аңдап келемін кей мінімді,
Түсінбеппін кең дүние пейілінді.
Сағынбауың сен мені мүмкін емес,
Үйретіп ең ғашықшыл кей ілімді.

Саналы адам перзенті табиғаттың,
Бала күнде құштарлық дәмін таттым.
Сүйген жүрек дертіне малшынбасам,
Түсінбес ем мұң, шерін жамиғаттың.

* * *

Кейде аяң, кейде еркін желеміз,
Қайда жүрсек ғашық жарға сенеміз.
Жер-жаһанның бар ақыны қосылып,
Махаббаттың мұңын айтып келеміз.

Құран сөзін жетті кезек татымдар,
Гибрат істі жалғап өтер хақым бар.
Адам Ата — Хауа Ананы жырлаған
Пайғамбарлар — осы біздің ақындар.



* * *

Егіз шумақ — арудың қос бұрымы,
Ән ғашықтың от құшақта бір үні.
Өмірінің өзегі мен өрнегі,
Махаббатсыз тумас ақын тынымы.

О, жүрегім! Айтшы саған не керек,
Қалықтайсың биіктерге төбелеп.
Махаббаттың у мен балын татқызып,
Қойғандайсың бұлтармастан шегелеп.

* * *

Айтпа құрбым маған өлең арна деп,
Өлеңсіз-ақ жан жылуын жалғап өт.
Жастық жактың жалауындай желбіреп,
Өзі жыр ғой бойда алау жанған өрт.

Тез өтсе де балғын көктем базары,
Ақын болып айтқан сырым аз әлі.
Еске салшы оңашада кездесіп,
Бір басылсын көп сағыныш азабы.

* * *

Бәйбіше боп келіншек жетілді ме?
Ауған шығар шаңқай түс екіндіге.
Тіліңнен бал татайын жақындашы,
Қымыз болып қыз-саумал жетілді ме?!



Өзгерістер көз көрген бекімденіп,
Көзге оралды қыз кезің кекілденіп.
Келіншектен аттансаң әжелікке,
Немерең түр дәл өзің секілденіп.



Жоқ жерде әкелгендей ыстық қайғы,
Қоштасу өкінішті мызғытпайды.
Тамұқтан алып шығып жұмақ берген,
Кездесу құт қонғандай құттықтайды.

Аққудай көлде кешкен дауыл сынын,
Беу, қалқа! Тағдыр тартқан ауыр сырын.
Жарасын жазған шығар кездескенде,
Майрылған махаббаттан қауырсынын.



Белгілі ғой өткен күннің құшағы,
Елестеді... естен кетпей тұсады.
Кіші-гірім қайғы жылдам өтеді,
Үлкен қасірет үн шығармай қысады.

Аңсағанда мен есімнен жаңылам,
Үнсіз қалам келбетіңе табынам.
Қамыққанда сен кетпейсің қасымнан,
Ең сәтті күн қуантса да сағынам.



* * *

Сұрайсың құпияны не себепті,
Сағыныш дертті онсыз да еселетті.
Мен сені көрмегелі көп болса да,
Қыз бейнең көз алдымнан кеше де өтті.

Ақындық сағынышты несіп етті,
Мен таптым қасіреттен қасиетті.
Құмартсам лала гүлге, бала күнде,
Жанары жүрек шетін тесіп өтті.

* * *

Тоса білсең тағдыр да қоса білер,
Бола көрме абыржып бос әбігер.
Арман деген адамның арқауы бар,
Ақ сеніммен үмітке қосар жігер.

Бұлт басса да түспейді құрыққа күн,
Адал достың тағдырын ұмытпағын.
Қайран көңіл айнадай нәзік екен,
Шетінетсең жаматпас сынықтарын.

* * *

Құштарлықтың ынтық зар шақырды үні,
Шақырды үні көрерсің мақұл мұны.
Сүймегенге құрмалдық бола қалу,
Ақымақ етіп көрсетер ақылдыны.



Әйел деген болса да дана халық,
Сенгіш келер әудемде нана қалып.
Махаббаттың тамаша сиқыры бар,
Ақымаққа кетеді сана салып.

* * *

Жерден жеті терсем де,
Ішінде өстім мұң-шердің.
Шыңға шығып жүрсем де,
Мұңға шыққан гүл тердім.

Сол ғажайып гүлдермен,
Аштым бақыт бұлағын.
Тас қараңғы түндерден,
Жарық көріп тұрамын.

* * *

Ақ пен қызыл кезегін,
Көріп талды өзегім.
Дұрыс десең кей ісін,
Бұрыс кезін сеземін.

Келем өзге ән артып,
Өмір өңін жаңартып.
Бара жатыр атқан таң,
Қызарғанды ағартып.



* * *

Орақ келер еккенің шықса терер,
Жазғы науқан күзіңе нұсқа берер.
Өсек-аяң, артық сөз әркім жайлы,
Адамдардың қолы бос қыста желер.

О, тағдырым! Ризамын тіреу берген,
Сыбыр теріп кезім жоқ біреуге ерген.
Қысы-жазы қыз қалпың қызықтырды,
Қол босамас бір сені сүйем деуден.

* * *

Шөл далада кім жаңбыр сағынбаған,
Керегінде жауар — деп дамыл табам.
Ыстық, суық әлемнің арпалысы,
Бергеніне ризамын сабыр маған.

Бұлт қалмады тау беткей жамылмаған,
Шөліркеген сынайды бағын далам.
Өкпелетіп аптапқа көп салдың ғой,
Төкпелетіп бер тағдыр барын маған.

* * *

Кейде жарқын өмірге,
Аз айтамыз алғысты.
Бүгінгі күн жеңіл ме,
Өткенді еске алғызды.



Шыдай берем білгесін,
Ащы дәмді татынар.
Тек қазақтың сілесін,
Болмасын көп қатырар.



Сезім керек, сезім қозғар сөз керек,
Сонда болар өлең салты өзгерек.
Жүзіне емес, жүрегіне ораған
Сұлулықты көре білер көз керек.

Ұшқыр әуен, айқын бояу, терең ой,
Бәрін қосып сергек сезім келе ғой.
О, тәңірім! Мені десең бәрін де,
Жиып-теріп бір өлеңге бере ғой.



Бір кемшілік кімде жоқ,
Айдар тағу далбаса.
Тұтанар ма тілден от,
Тамыздығы болмаса.

Досты қалай сынар ек,
Көтермесе кеңдігі.
Бастыққа да шыдар ек,
Аздау болса кемдігі.



* * *

Шенқұмар дос не таппақ?!
Айтты қандай оқулық,
Қос жанарын шел қаптап,
Басады екен соқырлық.

Тер кеппейді тентектен,
Қолда барын шашады.
Кей пақырдың шен-шекпен
Соқыр көзін ашады.

* * *

Бір әкімге назарым түскен еді,
Өжет екен, қолынан іс келеді.
Төрден сырып тастапты тез сырғытып,
О, ғаламат! О кімді тістеп еді.

Алғыр екен ақылға тіпті зерек,
Өмір сырын ол дәлдеп ұқты дер ек.
Беу, ағайын! Осалдар оңдырмайды,
Үлкен іске осындай мықты керек.

* * *

Бас орнында қалқайса күрке шатыр,
Қайдан бітсін наданға үлкен ақыл.
Төмпештеуге көнгішті төрлетеді,
Іске берік жақсыдан үркеді ақыр.



Түк шықпайды нашарды қинағаннан,
Опық жейді сондайды жинаған жан.
Ұлық сүйгіш қазағым шыдайды екен,
Лауазымын заң берген сыйлағаннан.



Бір сөзімді тірілткендей бір сөзім,
Бір сезімді оятады бір сезім.
Ақ шашыңа сезіктене қалғанмен,
Қыз кезіңе түсіп тұрар бір көзім.

Аша білсек көңіл дарқан көрмесін,
Жабық ұста өкініштің бөлмесін.
Өрге қарай өршеленген жүйріктей,
Келешекке үміт оты сөнбесін.



Сұлулыққа сүйсініп, құштарланған,
Қажыры мол қалмайды іс тарланнан.
Жердің бетін кең жайлап жүрседағы,
Өнге құмар аспанда құстар салған.

Аққуларға тамсанса ең шырайлы,
Махаббатқа мазасыз ем сұрайды.
Тірі жанның қарамас қайғысына,
Кей надандай нақұрыс, немқұрайлы.



* * *

Сенің маған ұнайды құштарлығың,
Құлшынып тұр қолыма ұстар гүлім.
Сүйе берші құшырың шын қанғанша,
Сезінейін ләззатта құш барлығын.

Алғыс айтам бітсін — деп жолына гүл,
Құшақтайын қайтадан қолыма кір.
Сабыр сақта түскенде отқа жалын,
Тез өртеніп кетпейік оны да біл.

* * *

Көріп келем есімнен тандырғанды,
Шошып кетем шалғандай бар құрбанды.
Жанашырын ұмытқан жылпостар бар,
Қорқа сыйлап бүгін ат шалдырғанды.

Қайран калсам тірліктен сұмдық көріп,
Күрсінемін еріксіз жыр ғып теріп.
“Асыранды зиялы” жағымпаздың,
Құны кетті күні үшін мың бүктеліп.

* * *

Жалт береді дүние жалған әудемде,
Жүт әкелер жауға сенген әурең де.
Дұшпаныңнан биігірек тұрарсың,
Шын досыңды шақыра білсең жәрдемге.



Бақ қонды деп, баса көрме алшаңға,
Жақсылықтан жаңылтпайтын жол таңда.
“Мың тасқанға — бір тосқан бар”, —
дейді ғой,
Шындық жеңер қанша мықты болсаң да.



Сыпайыға сұмданып пәле жаппа,
Ол да жетік сен білген саясатқа.
Атақ қуып жүрген жоқ. Елді ойлайды,
Ұрынбасын — дегендей бір шатаққа.

Не жатпайды ойлы ақыл елегінде,
Қысылғанда табылар керегің де.
Кемеңгердің сары алтын сыры қымбат,
Ол жатыр ғой кең жүрек тереңінде.



Күннің көзі шыдатпас көп қарасаң,
Саған деген сәулесін төкті орасан.
Жалтақтамай самарқау алыс тұршы,
Көп үңілме бетіме дос санасаң.

Біреулер жүр маңайын шуылдатып,
Өтем дейді-ау өмірді дуылдатып.
Сөйтіп қана бейшара түсінбейді,
Келешегін алғанын қиындатып.



* * *

Нарыққа бара жатқан жалаңаяқ,
Кетеді кей пақырды адам аяп.
Жете алсақ жақсы күнге жарар еді-ау,
Біріміз бірімізді таламай-ақ.

Сатарға ойлап жатыр қоныс қамын,
Көз көрді сан айқастың тоғысқанын.
Келмеске кешегіні жібексек те,
Көрмейік елмен елдің соғысқанын.

* * *

Осы екен ғой көп аңсатып туған күн,
Құты қашты өңі тозған тулардың.
Қазақстан жеке, дербес ел болса,
Өксігі бар бүгінгі той, думанның.

Бейбіт төрге бірлік тілер пендемін,
Ел ынтасы,
Жер байлығы сенгенім.
Көкейкесті естен кетпес тілек сол,
Тез алса екен жүдеп қалған ел демін.

* * *

Бала күнде балдырған еркем еді,
Ол алдымда ерекше еркеледі.
Түсініспей кеттік пе кездеспедім,
Көзде кетпес қияда желкен еді.

Қыз қылығын ел жеті көмкереді,
Біреу қате, ал біреу жон көреді.



Жөн көрсе де мың мәрте төңкерсе де,
Пай, пай, шіркін!
Жан жетпес көркем еді.

* * *

Ойнасам да,
Шындықты айтам досыма,
Шенемеймін шенді “дөйге” қосыла.
Тіршіліктің бір қызығы өшпей ме,
Жаксы досың соқпай өтсе қосыңа.

Қызыққанға емеспін бос үйірсек,
Мәнісі көп біз доспыз деп сүйінсек.
Қимас көңіл жіңішке жіп сияқты,
Бір үзілсе қалады екен түйіншек.

* * *

— Не берем?— деуші едім,— Не көрем?
Шыдашы. Мендағы шыдармын.
Қаламға қол салды немерем,
Бақытты болатын шығармын.

Татитын өзгенің мыңына,
Өзі де толқып тұр сырыма.
Шыдашы. Ол да ертең шығады,
Бақыттың ең биік шыңына.



* * *

Кейде оқыс сұм ажал берсе хабар,
Жұбаныш бар жүректі емдеп алар.
Жазатайым мен кетсем ұлым, қызым
Ұмыттырмай атымды елде қалар.

Көріп жүрем сөнбейтін бір арайды,
Коз көрімде өлім де қиялайды.
Шығып кетсе бір күні шыбын жаным,
Өлеңімнің ішіне ұялайды.



* * *

Алатаудың қараймын биігіне,
Дерсің сонда ет жүрек күйгі не.
Күн ойнаса таулардың төбесінде,
Сарыарқаның ұқсайды киігіне.

Өлең-сүрет бояуы тартынды өнер.
Сұлу сөзі сұлу саз қаркын берер.
“Жез киікті” тірлікте ұмыту жоқ,
Махабаты сөнгенде ақын де өлер.

1991-1999 жылдар

Алматы.

Мазмұны

Алғы сөз	3
I бөлім. Төрттағандар	5
II бөлім. Қос өрімдер	92

КӘКІМБЕК Салықов
ОЙТОЛҒАҚ

Редакторы – *С. Ақтаев*
Техникалық терім редакторы – *Қ. Абдиева*
Көркемдеуші – *Е. М. Асылғазы*

Теруге 25.12.2000 ж. берілді. Басуға 10.01.2001 ж. қол қойылды.

Пішімі 60х84 1/16. Қағазы офсеттік. Офсеттік басылыс.

Әріпі «Таймс». Есептік баспа табағы 5,5. Таралымы 1000 дана.

«Жібек жолы» Баспа Үйі
480091, Алматы қаласы, Қазыбек би, 50, телефоны 62-14-88.

4001

Kashid

„Жібек Жолы“
Баспа Үйі



Алматы
2001